



Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Национальный Банк Республики Казахстан
National Bank of Kazakhstan

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ
ЖАБАРШЫСЫ

№ 5 2019 жылғы 1 – 31 мамыр

**«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»,
Редакциялық кеңестің құрамы:**

Редактордың міндетін атқарушы:
А.Р. Адамбаева

редакциялық кеңестің мүшелері:
К.У.Қоржұмбаева
Г.К.Иманбекова
Қ.З.Матасова

шығарылымға жауапты:
Б.Н. Шүкенова
Тел: 8 (727) 704-597 ішкі 3959

**Құрылтайшы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ
050040, Алматы қ.,
«Көктем-3» ы/а, 21**

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
24.02.1997 ж. №432 тіркелген

1995 жылдан бастап шығарылады



РЕДАКЦИЯДАН:

Құрметті оқырмандар!

Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздердің назарларыңызға «ҚҰБ Хабаршысы» журналының 2019 жылғы 1-30 мамыр аралығы кезеңіндегі №5 кезекті шығарылымын ұсынып отыр.

«Басты оқиғалар» бөлімінде Сіздер ҚРҰБ-ның базалық мөлшерлеме бойынша шешімімен және жалпы қаржы нарығындағы қалыптасқан ахуалмен танысасыздар.

Сондай-ақ, басылым беттерінде дәстүрлі түрде Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратты ұсынып отырмыз.

МАЗМҰНЫ:

1. Басты оқиғалар.....	4
2. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі №160 қаулысы.....	17
3. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының есептілік ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі №161 қаулысы.....	22
4. «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі №162 қаулысы.....	218




2019 жылғы 1 тоқсандағы төлем балансын алдын ала бағалау туралы

2019 жылғы 8 мамыр

Алматы қ.

Алдын ала бағалау бойынша төлем балансының ағымдағы шоты 2018 жылғы 1 тоқсандағы 0,9 млрд АҚШ доллары тапшылығымен салыстырғанда 2019 жылғы 1 тоқсанда профицитпен қалыптасып, 0,8 млрд. АҚШ долларын құрады.

Ағымдағы шот сальдосы



Ағымдағы шоттағы ахуалдың оң өзгерісіне сауда балансы профицитінің ұлғаюы себеп болды, ол алдын ала деректер бойынша 14,4%-ға ұлғайып, 7,1 млрд АҚШ долларын құрады. Тауарлар экспорты 9,9%-ға ұлғайып 15,0 млрд АҚШ долларын құрады. Тауарлар импорты 7,8 млрд АҚШ долларына дейін 6,1%-ға өсті.

Шетелдік тікелей инвесторлардың кірістері 4,8 млрд АҚШ долларына дейін 16,9%-ға қысқарды. Бейрезиденттердің тікелей инвестициялардан кірісінің жартысынан көбі еншілес қазақстандық кәсіпорындарды қаржыландыруға жұмсалды.

Қаржылық шот (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда) алдын ала деректер бойынша 3,2 млрд АҚШ доллары оң сальдосымен қалыптасты, ол көбінесе резиденттердің сыртқы активтері өсуіне байланысты.

Шетелдік тікелей инвестициялар (ШТИ) бойынша капиталдың таза әкелінуі 2,4 млрд АҚШ долларын құрады. Капиталдың әкелінуі шетелдік үлестес компаниялардың қазақстандық кәсіпорындар алдындағы өзінің борыштық міндеттемелерін өтеуімен және бейрезиденттердің кірістерін қайта инвестициялаумен қамтамасыз етілді.

Портфельдік инвестициялар бойынша капиталдың таза әкетілуі 4,8 млрд АҚШ долларын құрады, резиденттердің шетелдік активтерінің басым түрде өсуімен және резиденттердің бұрын шығарылған еурооблигацияларды өтеуі нәтижесінде міндеттемелерінің қысқаруымен қамтамасыз етілген. Бейрезиденттердің қайталама нарықта Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын сатып алуы портфельдік инвестициялар бойынша капиталдың әкетілуін ішінара жинақтады.

Резервтік активтер (ҚР Ұлттық қорының активтерін есепке алмағанда) 2019 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 27,0 млрд АҚШ долларына бағаланды, ол тауарлар мен қызметтердің қазақстандық импортының 7,1 айын қаржыландыру қажеттілігін жабады.



ХВҚ Басқарушы Директоры К.Лагард АЭФ-на қатысу үшін Қазақстанға сапармен келеді

2019 жылғы 10 мамыр

Алматы қ.

Халықаралық Валюта Қорының Басқарушы Директоры Кристин Лагард ағымдағы жылғы 16 мамырда Астана экономикалық форумының және «Инклюзивтік өсуге арналған экономикалық саясат шаралары» тақырыбындағы Өңірлік дөңгелек үстелдің жұмысына қатысу үшін Қазақстанға сапармен келеді.

Дөңгелек үстелдің жұмысына Премьер-министр А. Мамин, ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Е. Досаев, Кавказ бен Орталық Азия өңірі елдерінің, Моңғолияның және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің орталық банктерінің басшылары және қаржы министрлері, Қазақстанның астанасында аккредиттелген халықаралық қаржы ұйымдарының және елшіліктердің өкілдері қатысады. Сондай-ақ Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығының (ОАӨЭЫ) бастамасын қолдайтын елдер өкілдерінің қатысуы күтіледі.

Іс-шара барысында ағымдағы экономикалық аухал мәселелерін талқылау, өңір елдерінің орнықты және инклюзивтік экономикалық өсуін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдау жоспарланып отыр.

Дөңгелек үстелдің қатысушылары мынадай мәселелер бойынша пікір алмасады:

- *қаржы секторын қалай нығайту керек және қаржы ресурстарының жеткілікті қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін банктердің бизнес-модельдерін қалай өзгерту керек;*
- *жеке сектордың қызметін ынталандыру, экономиканы әртараптандыру және жаңа жұмыс орындарын құру үшін іскерлік ахуалды қалай жақсарту керек;*
- *басқару жүйесін қалай жетілдіру және мемлекеттік органдардың әкімшілік тиімділігін қалай арттыру керек.*

Іс-шара аяқталғаннан кейін ХВҚ басқарушы директорының Қазақстанның және шетелдің бұқаралық ақпарат құралдарына арналған брифингі өтеді.



ХВҚ мен Қазақстан Ұлттық Банкінің Дөңгелек үстеліне қатысушылар экономиканың инклюзивтік өсуін талқылады

2019 жылғы 16 мамыр

Нұр-Сұлтан қаласы

Бүгін Астана экономикалық форумының ашылуы шеңберінде Кавказ және Орталық Азия өңірі елдерінің, ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің және Моңғолияның орталық банктерінің басшыларына және қаржы министрлеріне арналған «Инклюзивтік өсуге арналған экономикалық саясат шаралары» деген тақырыпта жоғары деңгейдегі Өңірлік Дөңгелек үстелдің үшінші отырысы өтті.

Дөңгелек үстелдің жұмысына Халықаралық Валюта Қорының (ХВҚ) Басқарушы Директоры К. Лагард, ҚР Премьер-Министрі А. Мамин, ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Е. Досаев, өңір елдерінің орталық банктерінің басшылары және қаржы министрлері, Қазақстанның астанасында аккредиттелген халықаралық қаржы ұйымдарының және елшіліктердің өкілдері қатысты.

ХВҚ Басқарушы Директоры К. Лагард атап өткендей, кедейшілік пен теңсіздік ауқымдарын қысқартуға, жұмыс орындары санының өсуін ынталандыруға, еңбек өнімділігін арттыруға, жеке және шетелдік инвестицияларды ұлғайтуға бағытталған реформалар, сондай-ақ өңірдегі ынтымақтастықтың жағымды өңірлік серпіні өңірдегі сенімді, орнықты, теңестірілген және инклюзивтік өсуге қол жеткізу үшін жаңа мүмкіндіктер қалыптастыруы мүмкін.

ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Е. Досаев Дөңгелек үстелдің отырысында сөз сөйлей отырып, халықаралық қаржы ұйымдары, үкіметтер және орталық банктер үшін инклюзивтік экономикалық өсу тақырыбының өзектілігін атап өтті. «Инклюзивтік өсудің барынша маңызды аспектілерінің бірі қаржылық қызметтердің қолжетімділігі болып табылады. Қаржылық қызметтерге кең ауқымды қолжетімділік экономиканың әлеуметтік бағытын күшейтіп, азаматтардың қаржылық әл-ауқатын арттыра отырып, экономиканың неғұрлым орнықты дамуына қолдау көрсетеді», – деді ол. Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы 2019 жылғы наурызда ҚРҰБ мен Үкімет арасында макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы келісімге қол қойылғанын еске салды. ҚР Үкіметі мен Ұлттық Банкінің келісілген іс-қимылы баға тұрақтылығын, экономиканы қолжетімді қаржыландыруды және қаржы нарығының орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. «Келісімде орнықты өсуді және нақты кірістерді қолдау, экономиканы әртараптандыру және мұнайға жатпайтын секторларды дамыту, кредиттеу талаптарын және қаржылық шешімдердің сапасын жақсарту бойынша жоспарлар қамтылған. Макроэкономикалық саясатты жүргізу нәтижесінде алынған сабақтың бірі – ақша-кредит саясаты, сол сияқты фискалдық саясат та Ұлттық Банк пен Үкімет жұмысының үйлесуінен ұтымды жағдайда болады», – деп қорытындылады Е. Досаев.

Орталық банктердің және қаржы министрліктерінің басшылары өз кезегінде экономикалық белсенділікті қолдауға және орталық банктердің өкілеттіктеріне сәйкес баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған ақша-кредит саясатын іске асырудың маңыздылығын атап өтті, сондай-ақ өңір елдерінің әлеуетті өсуін іске асыру бойынша салық-бюджет саясатының және құрылымдық реформалардың міндеттерін талқылады.

Жоғары деңгейдегі дөңгелек үстелге қатысушылар өңірде кездесетін сын-қатерлерді және инклюзивтік экономикалық өсуге арналған жаңа мүмкіндіктерді талқылады. Сонымен бірге салық саясаты және кірістер мен шығыстарды басқару; қаржылық реттеу және қаржылық қызметтерге қолжетімділік; іскерлік ахуалды жетілдіру, басқару жүйесін жетілдіру және айқындылық дәрежесін арттыру шараларына қатысты мәселелерді қозғады.



Коллекциялық монеталарды айналысқа шығару туралы

2019 жылғы 21 мамыр

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2019 жылғы 21 мамырда номиналы 50 000 және 500 теңгелік алтыннан, номиналы 500 теңгелік күмістен «Еуразиялық экономикалық одақ. 5 жыл» коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.



Бұл монеталар Еуразиялық экономикалық одақтың бес жылдығына арналады.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Монеталарды айналдыра оларға сәйкес келетін номиналдар, «QAZAQSTAN RESPYBLIKASY» және «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазбалар, монеталар дайындалған металды, олардың сынамы мен массасын білдіретін жазбалар орналасқан.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақтың ресми эмблемасы және соғылған жылын білдіретін «2019» деген сан бейнеленген. Эмблема айналасында интерференциялық түрлі түсті бейнелеу және түсті бояу технологиясын қолдана отырып орындалған таспалы ою-өрнектерден және Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдердің мемлекеттік туларынан композиция орналасқан. Монетаның жоғарғы бөлігінде – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тауар белгісі (логотипі). Монетаны



айналдыра «EYRAZIALYQ EKONOMIKALYQ ODAQ. 5 JYL» және «ЕВРАЗИЙСКИЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СОЮЗ. 5 ЛЕТ» деген жазбалар бар.

Монеталар:

- 999 сынамды алтыннан, номиналы 50 000 теңгелік, массасы 1 кг, диаметрі 100 мм, таралымы 20 (жиырма) дана;
- 999 сынамды алтыннан, номиналы 500 теңгелік, массасы 31,1 грамм, диаметрі 32 мм, таралымы 500 (бес жүз) дана;
- 925 сынамды күмістен, номиналы 500 теңгелік, массасы 31,1 грамм, диаметрі 38,61 мм, таралымы 1500 (бір мың бес жүз) дана дайындалған.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Коллекциялық монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған, кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.



Қаржы нарығындағы ахуал туралы

2019 жылғы 27 мамыр

Алматы қ.

1. 2019 жылғы сәуірдегі инфляция және инфляциялық күтулер


Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2019 жылғы сәуірде инфляция 0,5% (2018 жылғы сәуірде – 0,4%) болды.

Жыл басынан бері инфляция 1,8% (2018 жылғы қаңтар-сәуірде – 2,2%) болды. Азық-түлік тауарларының бағасы 4,8%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 1,3%-ға өсті. Ақылы қызмет көрсету бағасы 1,2%-ға төмендеді.

Жылдық инфляция 4,9% деңгейде қалыптасты және 4-6% нысаналы дәлізінің ішінде тұр. Инфляцияның құрылымында жылдық көрсеткіш бойынша азық-түлік тауарларының бағасы 7,1%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 6,0%-ға өсті. Ақылы қызмет көрсету бағасының жылдық өсу қарқыны 1,2% болды.

2019 жылғы сәуірде халықтың инфляциялық күтулері өткен айдағы деңгейде сақталды. Халықтың пікіртерім нәтижелері бойынша инфляцияның бір жылдан кейін күтілетін сандық бағалауы 4,5% болды.

1-график. Инфляция және күтілетін инфляция



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

2. 2019 жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша халықаралық резервтер және ақша агрегаттары

2019 жылғы сәуірде Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері алдын ала деректер бойынша 0,2%-ға немесе 47,2 млн АҚШ долларына 27,1 млрд АҚШ долларына (жыл басынан бері – 12,4%-ға немесе 3,8 млрд АҚШ долларына төмендеу) дейін ұлғайды.

Алтын сатып алу бойынша операциялар, Үкіметтің және басқа ұйымдардың Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуі банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтардың төмендеуімен, сондай-ақ Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялармен ішінара бейтараптандырылды.

Жалпы алғанда, елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (59,3 млрд АҚШ доллары) қоса алғанда, 2019 жылғы сәуірдің соңында 86,4 млрд АҚШ доллары болды.



Ақша базасы 2019 жылғы сәуірде 8,9%-ға тарылды және 5 694,8 млрд теңге (жыл басынан бері тарылу 14,4%) болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы іс жүзінде өзгерген жоқ – 5 086,5 млрд. теңгеге дейін (15,2%-ға тарылу) 0,02%-ға тарылды.


2019 жылғы сәуірде ақша массасы, алдын ала деректер бойынша, 0,2%-ға төмендеп, 19 354,0 млрд теңге (жыл басынан бері төмендеу 7,0%) болды, айналыстағы қолма-қол ақша 2 207,4 млрд теңгеге 0,6%-ға (2,3%-ға төмендеу) ұлғайды.

3. Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты саласындағы операциялары

Ақша нарығында ақша-кредит саясатының операцияларын жүргізу кезінде таргеттелетін (нысаналы) мөлшерлеме болып табылатын TONIA индикаторы¹ 2019 жылғы сәуірде көбіне Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің пайыздық дәлізінің төменгі шегі деңгейінде қалыптасты. Сәуірде TONIA-ның орташа алынған мәні жылдық 8,12% (2019 жылғы наурызда – 8,23%) болды.

Ұлттық Банктің 2019 жылғы 15 сәуірдегі шешімімен базалық мөлшерлеме +/-1%-дық² дәлізбен жылдық 9,00%-ға дейін төмендетілді.

2-график. Базалық мөлшерлеменің және оның пайыздық дәлізінің серпіні



Ақша-кредит саясатының құралдары. 2019 жылғы наурыздың соңында Ұлттық Банктің ақша нарығындағы операцияларының теріс сальдосы (Ұлттық Банктің ашық позициясы) 4,4 трлн теңге болды.

Тікелей РЕПО операциялары бойынша Ұлттық Банктің ашық позициясының көлемі 286,5 млрд теңге болды.

Ұлттық Банктегі **банктік депозиттердің** көлемі 706,6 млрд теңгеге дейін төмендеді, оның ішінде депозиттік аукциондар арқылы алынатын өтімділіктің көлемі – 299,0 млрд теңге.

Айналыстағы **қысқа мерзімді ноттардың** көлемі бір айда 13%-ға ұлғая отырып, 2019 жылғы сәуірдің соңында 4 272,7 млрд теңгені құрады.

Қысқа мерзімді ноттар эмиссиясының көлемі 2019 жылғы сәуірде 2 935,1 млрд теңгені құрады. 9 аукцион өткізілді, оның ішінде 2 611,4 млрд теңге сомаға 1 айлық ноттарды орналастыру бойынша 5 аукцион (орташа алынған кірістілік – 8,76%), 187,7 млрд теңге сомаға 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 2 аукцион (кірістілік – 8,81%), 90,6 млрд теңге сомаға 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион (кірістілік – 8,74%) және 45,5 млрд теңге сомаға 1 жылдық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион (кірістілік – 8,96%).

¹ Биржада МБҚ-мен автоматты РЕПО секторында жасалған, РЕПО-ны мерзімі бір жұмыс күніне ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме

² Бірмезгілде осындай деңгейге (9,00%) дейін ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі төмендетілді



Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын өтеу көлемі бір айда 2 090,9 млрд теңгені құрады.

Кірістілік қисығын қалыптастыру. 2019 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 113,4 млрд теңгеге ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарды (МЕУКАМ) орналастыруды жүзеге асырды. 3 аукцион өткізілді, оларда 13 жылдық, 18 жылдық, 20 жылдық МЕУКАМ орналастырылды. Олар бойынша орташа алынған кірістілік жылдық 8,62% – 8,76% аралығында болды.

Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2019 жылғы сәуірде 1,0%-ға ұлғайып, 7 563,6 млрд теңгені құрады.

Сонымен қатар кірістілік қисығы инверсиялық болып қалады және оның траекториясы неғұрлым күшті теріс ауытқуды көрсетіп отыр, бұл қысқа мерзімді қазынашылық облигациялардың кірістілігі мен ұзақ мерзімді құралдардың кірістілігі арасындағы айырмашылықтың ұлғайғанын көрсетеді.

3-график. Кірістіліктің тәуекелсіз қисығының өзгеруі



4. 2019 жылғы сәуірдегі валюта нарығы

2019 жылғы сәуірде теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 377,11–381,94 теңге аралығында өзгерді. 2018 жылғы сәуірдің соңында теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық бағамы бір айда 0,3%-ға әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 381,08 теңге болды.


Теңге – АҚШ доллары валюталық жұбы бойынша операциялардың жалпы көлемі бір айда 12,9 млрд АҚШ доллары, оның ішінде Қазақстан қор биржасындағы биржалық сауда-саттықтардың көлемі – 2,1 млрд АҚШ доллары, биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі – 10,8 млрд АҚШ доллары болды. Биржадан тыс нарықтағы операциялардың едәуір көлемі (сауда-саттықтың жалпы көлемінен 80%-дан астам), негізінен жекелеген банктердің өздерінің бас шетелдік компанияларынан қарсы (сатып алу-сату) валюталық мәмілелер жасау арқылы валюталық тәуекелдерді хеджирлеуге байланысты. Бір еншілес банктің валюталық тәуекелдерден меншікті капиталды хеджирлеумен байланысты операцияларының көлемі өткен аймен салыстырғанда 22,9%-ға ұлғайып, 8,3 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл ретте, олардың биржадан тыс сауда-саттықтардың жалпы көлемінен үлесі 76,5%-ды құрады (2019 жылғы наурызда 74,9%). Осы операциялар банк топтарының ішінде жүргізіледі және ішкі валюта нарығындағы шетел валютасына сұраныстың немесе ұсыныстың арақатынасына әсер етпейді.

2019 жылғы сәуірде халық нетто-негізде 154,7 млрд теңгеге балама сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды. Шығыстардың негізгі көлемі АҚШ долларын – 45,0%, немесе 69,5 млрд теңге, Ресей рублін – 33,8%, немесе 52,3 млрд теңге, еуро – 20,6%, немесе 31,9 млрд теңге сатып алуға бағытталды. Алдыңғы аймен салыстырғанда аталған шығыстар 3,6%-ға азайды. Валюта түрлеріне бөлгенде АҚШ долларын сатып алуға шығыстар 18,2%-ға азайды, еуро және Ресей рублін сатып алуға шығыстар тиісінше 14,7% – ға және 10,6%-ға ұлғайды.

Айырбастау пункттерінің қолма-қол шетел валютасын нетто-сатуларының жалпы көлемі 2019 жылғы қаңтар-сәуірде (657,0 млрд теңге) өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 8,5%-ға ұлғайды (2018 жылғы қаңтар-сәуірде – 605,6 млрд теңге).



4-график. Айырбастау пункттерінің қолма-қол шетел валютасын нетто-сатуларының серіні, млрд теңге



5. 2019 жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша депозит нарығы

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің көлемі бір айда 0,4%-ға қысқара отырып, 2019 жылғы сәуірдің соңында 17 146,6 млрд теңгені құрады. Заңды тұлғалардың депозиттері 8 676,4 млрд теңгеге дейін 0,9%-ға төмендеді, жеке тұлғалардың депозиттері 8 470,1 млрд теңгеге дейін 0,2%-ға ұлғайды.

Ұлттық валютамен депозиттердің көлемі бір айда 10 119,3 млрд теңгеге дейін 0,6%-ға ұлғайды, шетел валютасында 7 027,3 млрд теңгеге дейін 1,7%-ға төмендеді. Долларлану деңгейі 2019 жылғы сәуірдің соңында 41,0% – ды (2018 жылғы желтоқсанда – 48,4%-ды) құрады.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютамен депозиттері 2019 жылғы наурызда 5 245,8 млрд теңгеге дейін 1,8%-ға азайды, шетел валютасында 3 430,6 млрд теңгеге дейін 0,4%-ға ұлғайды (заңды тұлғалардың депозиттерінің 39,5%-ы).

Жеке тұлғалардың теңгемен депозиттері 4 873,4 млрд теңгеге дейін 3,3%-ға ұлғайды, шетел валютасында 3 596,7 млрд теңгеге дейін 3,6%-ға төмендеді (жеке тұлғалар депозиттерінің 42,5%-ы).

Мерзімді депозиттердің көлемі бір айда 0,6%-ға ұлғайып, 11 682,0 млрд теңгені құрады. Олардың құрылымындағы ұлттық валютамен салымдар 6 915,1 млрд теңгені, шетел валютасымен – 4 766,9 млрд теңгені құрады.


Банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютамен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 7,2%-ды (2018 жылғы желтоқсанда 7,1%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 9,9%-ды (10,4%) құрады.

6. 2019 жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеу көлемі 2019 жылғы сәуірдің соңында 12 566,7 млрд теңгені құрады (бір айда 0,7%-ға ұлғаю). Заңды тұлғаларға кредиттердің көлемі 7 029,5 млрд теңгеге дейін 0,1%-ға азайды, ал жеке тұлғаларға кредиттер көлемі 5 537,2 млрд теңгеге дейін 1,9%-ға өсті.



5 – график. Экономиканы кредиттеу көлемінің серпіні



Қайта құрылымдауды бастан өткеріп жатқан және лицензиядан айырылған банктердің кредиттік портфелін есепке алмағанда, экономиканы кредиттеудің жылдық өсімі 10,3%-ды немесе 1,1 трлн теңгені құрады.

Ұлттық валютамен кредиттердің көлемі бір айда 10 102,8 млрд теңгеге дейін 0,9%-ға ұлғайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға кредиттер 0,3%-ға азайды, ал жеке тұлғаларға кредиттер 2,0%-ға ұлғайды. Шетел валютасымен кредиттердің көлемі 2 463,9 млрд теңгеге дейін 0,1%-ға ұлғайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға кредиттер 0,3%-ға өсті, ал жеке тұлғаларға кредиттер 2,1%-ға азайды. Теңгемен кредиттердің үлес салмағы 2019 жылғы сәуірдің соңында 80,4%-ды құрады (2019 жылғы наурызда – 80,3%).

Ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі бір айда 10 697,1 млрд теңгеге дейін 0,7%-ға өсті, ал қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 1 869,6 млрд теңгеге дейін 1,0%-ға ұлғайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу бір айда 2 220,9 млрд теңгеге дейін 1,3%-ға (экономикаға кредиттердің жалпы көлемінен 17,7%) ұлғайды.

Салалар бойынша бөлінген банктердің экономикаға кредиттерінің ең қомақты сомасы өнеркәсіп (жалпы көлемдегі үлесі – 15,0%), сауда (13,5%), құрылыс (5,8%) және көлік (3,9%) сияқты салаларға тиесілі.

2019 жылғы сәуірде банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 12,0% (2019 жылғы наурызда – 12,0%), жеке тұлғаларға – 18,5% (17,8%) болды.

7. 2019 жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша төлем жүйелері

2019 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 20 төлем жүйесі, оның ішінде Ұлттық Банктің төлем жүйелері, ақша аудару жүйелері, төлем карточкаларының жүйелері жұмыс істейді.

2019 жылғы қаңтар-сәуірде Ұлттық Банктің төлем жүйелері (Банкаралық ақша аудару жүйесі мен Банкаралық клиринг жүйесі) арқылы 311,7 трлн теңге сомаға 13,1 млн транзакция жүргізілді (2018 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда төлемдердің саны 1,1%-ға азайды, ал сомасы 18,7%-ға ұлғайды). Орташа алғанда, бір күн ішінде аталған төлем жүйелері арқылы 3,9 трлн теңге сомаға 166,1 мың транзакция жүргізілді.

2019 жылғы сәуірде Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операцияларының көлемі 2,2 трлн теңге сомаға 115,4 млн транзакцияны құрады (2018 жылғы сәуірмен салыстырғанда транзакциялардың саны 2 есе ұлғайды, сомасы 42,8%-ға өсті). Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операцияларының жалпы құрылымында қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер санының үлесі 73%-ға дейін өсті (2018 жылғы сәуірде – 61,4%), қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер көлемінің үлесі 40,6%-ға дейін (29,7%) ұлғайды.



2019 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында төлем карточкаларының шығарылымын 22 банк пен «Қазпочта» АҚ жүзеге асырды, эмиссияланған және таратылған төлем карточкаларының жалпы саны 25 млн бірлік болды. 2019 жылғы 1 мамырда Қазақстанда төлем жасауға төлем карточкаларын қабылдайтын 85,6 мың сауда кәсіпорны жұмыс істеді, төлем карточкаларына қызмет көрсету желісі төмендегідей: 10,5 мың банкомат, 143,4 мың POS-терминал.

2019 жылғы қаңтар-сәуірде халықаралық ақша аудару жүйелері арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы көлемі 184,1 млрд теңге сомаға 0,8 млн аударымды құрады. 2018 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда ақша аударымдары көлемінің төмендеуі 0,3%-ды құрады. Қазақстаннан тыс жерлерге жөнелтілген аударымдардың жалпы көлемінен транзакциялардың жалпы санынан 94,1% (0,8 млн транзакция) және жалпы сомасынан 93,4% (172,8 млрд теңге) жіберілді. Қазақстан бойынша ақша аударымы жүйелері арқылы ақша аударымдарының жалпы санынан 5,9% (0,05 млн транзакция) және жалпы сомасынан 6,1% (11,3 млрд теңге) жүргізілді. Шетелден халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы 116,7 млрд теңге сомаға 0,5 млн транзакция алынды.

8. 2019 жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша банк секторы

Банк секторындағы ахуал тұрақты және кредиттеудің қалыпты өсуімен, банктердің еркін өтімділігінің жоғары деңгейімен және меншікті капиталының айтарлықтай қорымен сипатталып отыр.

2019 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 28 банк жұмыс істейді.

Банк секторының жиынтық активтері 2019 жылдың басынан бері 2,7%-ға төмендеп, 2019 жылғы 1 мамырда 24,6 трлн теңгені құрады. Активтердің төмендеуіне «Цеснабанк» АҚ-тың ауыл шаруашылығы кредиттері портфелін «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-қа 604 млрд теңге сомаға сату себеп болды. Активтердің құрылымында ең көп үлес кредиттерге – 48,7%, бағалы қағаздар портфеліне – 23,3%, қолма-қол ақша, аффинирленген бағалы металдар мен корреспонденттік шоттарға – 12,4% тиесілі.

Банктердің несиелік портфелі 2019 жылдың басынан бері 13,2 трлн теңгеге дейін 4,3%-ға қысқарды, бұл да «Цеснабанк» АҚ-тың қалыпқа келуіне байланысты.

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың деңгейі төменгі деңгейде сақталып отыр және 2019 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 1,2 трлн теңгені немесе жиынтық несиелік портфелінің 8,9%-ын құрайды.

Несие портфелі бойынша провизиялар 2,3 трлн теңге немесе несиелік портфелінің 17,6%-ы (2019 жылдың басында – 1,8 трлн теңге немесе 12,9%) мөлшерінде қалыптасты.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2019 жылдың басынан бері 3,0%-ға азайып, 2019 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 21,6 трлн теңгені құрады. Банктер міндеттемелерінің құрылымында ең жоғары үлесті клиенттердің салымдары – 77,1%-ды, айналысқа шығарылған бағалы қағаздар – 8,5%-ды, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар – 2,6%-ды иеленеді. Банктердің Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелері жиынтық міндеттемелерде 2019 жылдың басындағымен салыстырғанда 6,2%-дан 6,3%-ға дейін (1,3 трлн теңгеге дейін) ұлғайды.

Банк секторының депозиттік базасы 2019 жылдың басынан бері 16,6 трлн теңгеге дейін 2,4%-ға қысқарды, ол корпорациялардың депозиттерін қалыпқа келтіру шеңберінде «Цеснабанк» АҚ-тың облигацияларына конвертациялауға, сондай-ақ квазимемлекеттік сектордың компаниялары сыртқы келісімшарттық міндеттемелерін төлеу үшін қаражатты алып қоюына негізделді.

Банк секторының жиынтық меншікті (реттеуіш) капиталы 2019 жылғы 1 мамырда 3,8 трлн теңгені құрады. Банк секторы капиталының жеткіліктілігі коэффициенті нормативтік



мәндерден біршама жоғары тұр және: жиынтық реттеуіш капиталдың жеткіліктілігі нормативі (к2) – ең төменгі мәні 8,0% болған кезде 22,7%-ды; негізгі капиталдың жеткіліктілігі нормативі (к1) – ең төменгі мәні 5,5% болған кезде 17,3%-ды құрады.

Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы шеңберінде қатысушы банктердің тарапынан үдемелі қарқынмен проблемалық қарыздарды есептен шығару, провизияларды қалыптастыру және активтердің сапасын жақсарту бойынша талаптар орындалуда. Мәселен, 2018 жылы және 2019 жылғы 1-тоқсанда іс-шаралар жоспарлары шеңберінде қатысушы банктер 465 млрд теңге сомаға немесе провизияларды толық қалыптастырудың жоспарлы деңгейінен 75,6% провизияларды қалыптастырды. Жасалған провизиялардың есебінен 810,5 млрд теңге сомаға проблемалық қарыздар есептен шығарылды, сондай-ақ активтердің сапасын жақсарту және 1,1 трлн теңгеден астам сомада берешекті қайтару бойынша іс-шаралар жүргізілді. Жалпы алғанда, Бағдарламаға қатысушы банктердің несие портфельдерінің сапасын жақсарту бойынша жүргізіп отырған жұмысы 1,5 трлн теңге сомаға жаңа қарыздарды беруге мүмкіндік берді.

9. 2019 жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша сақтандыру нарығы

2019 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру секторында 27 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жұмыс істейді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2019 жылғы 1 мамырда 1 116,1 млрд теңгені құрады (жыл басынан бастап 6,4%-ға өсті).

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері жыл басынан бері 5,8%-ға 613,9 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі жыл басынан бастап 558,9 млрд теңгеге дейін 7,6%-ға өсті.

Меншікті капитал жыл басынан бері 7,2%-ға өсіп, 502,2 млрд теңгені құрады.

2019 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша сақтандыру сыйлықақылары 2018 жылдың осындай көрсеткішімен салыстырғанда 166,8 млрд теңгеге дейін 19,9%-ға өсті, оның ішінде тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 152,7 млрд теңге болды.

2019 жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары 2018 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 38,9 млрд теңгеге дейін 74,3%-ға артты. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы үлесі 2018 жылғы 1 мамырдағы 16,0%-бен салыстырғанда 23,3%-ды құрады.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 33,5 млрд теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 20,1%-ын құрады. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының 92,1%-ы Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға берілді.

2019 жылдың басынан бері жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі (қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде) 37,9 млрд теңгені құрады, ол 2018 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 51,5%-ға көп.

10. 2019 жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша зейнетақы жүйесі

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2019 жылғы қаңтар-сәуірде 382,4 млрд теңгеге немесе 4,1%-ға ұлғайып, 2019 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 9 760,1 млрд теңгені құрады.



Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» пайда 2019 жылғы қаңтар-сәуірде 154,9 млрд теңгеге ұлғайды, ол 2019 жылғы 1 мамырда 3846,9 млрд теңгені құрады.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының саны (зейнетақы жинақтары жоқ ЖЗШ-ны есептегенде) 2019 жылғы 1 мамырда 9,9 млн шотты құрады.

2019 жылғы қаңтар-сәуірде зейнетақы төлемдерінің сомасы 74,2 млрд теңгені құрады.

2019 жылғы 1 мамырда БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесін ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары және ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары алады (зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен тиісінше 42,1% және 28,9%).

11. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына жүргізілген 2019 жылғы 1-тоқсандағы мониторинг нәтижелері туралы

Экономиканың нақты секторындағы 2019 жылғы 1-тоқсандағы ахуалды бағалау мақсатында 2019 жылғы сәуірде кәсіпорындарға кезекті мониторинг жүргізілді. Ел экономикасының негізгі салаларын көрсететін мониторингке қатысушы кәсіпорындардың саны 2019 жылғы 1-тоқсанда 3 190 болды, оның ішінде орта және ірі кәсіпорындар – 1 586. Кәсіпорындар мониторингінің нәтижелері экономиканың нақты секторындағы оң үрдістердің сақталуын көрсетіп отыр, олар алдыңғы тоқсанда да байқалды.

2019 жылғы 1-тоқсанда жалпы алғанда нақты сектор бойынша дайын өнімге сұраныс ұлғайды, диффузиялық индекс (ДИ) 2018 жылғы 4-тоқсандағы 51,9-дан 56,4-ке дейін ұлғайды. Сұраныстың өсуін саудадан басқа барлық саладағы кәсіпорындар атап өтті, онда ДИ 48,8-ді құрады. Шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқынының баяулауына қарамастан (ДИ 72,0-ден 66,7-ге дейін төмендеді), кәсіпорындардың дайын өнімдері бағасының өсу қарқыны іс жүзінде өзгеріссіз қалды (ДИ=56,5).

2019 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындардың күтуі бойынша дайын өнімге сұраныстың өсуі жалғасады, бірақ төмен қарқынмен (ДИ=54,6), дайын өнімге, сондай-ақ шикізат пен материалдарға бағаның өсу қарқыны айтарлықтай өзгермейді (тиісінше ДИ=56,8 және 65,5).

2019 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігі біршама төмендеді. Негізгі (34%-ға дейін) және айналым қаражатын (14%-ға дейін) қаржыландырмаған кәсіпорындардың үлесі артты. Кәсіпорындардың көпшілігі негізгі және айналым қаражатын өз қаражаты есебінен қаржыландырады (тиісінше 63,1% және 81,6%). Негізгі құралдарды қаржыландыру үшін банктік қарыздар сұралған кәсіпорындардың 5,8%-ын, айналым қаражатын қаржыландыру үшін кәсіпорындардың 14,9%-ын пайдаланды.

2019 жылғы 1-тоқсанда іріктеуден кәсіпорындардың 17,2%-ы бұрын ашылған кредиттік желі бойынша кредит және кезекті транш алды, кредит беруден бас тарту үлесі мониторингке қатысушылардың жалпы санының 2,7%-ын немесе кредит алуға өтініш білдіргендер санының 13,6%-ын құрады. 2019 жылғы 2-тоқсанда кәсіпорындардың 15,8%-ы кредит алуға өтініш білдірмек.

Мониторингке қатысушылар алған кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелердің деңгейі теңгемен сәл төмендеді (12,8%-дан 12,6%-ға дейін) және шетел валютасымен (6,8%-дан 6,9%-ға дейін) ұлғайды.

³ 50 деңгейден жоғары (төмен) диффузиялық индекс болған сайын, көрсеткіштің өсу (күлау) қарқыны соғұрлым жоғары (төмен), 50-деңгей өзгерістің жоқтығын білдіреді.



Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2018 жылы 13 қыркүйекте
№17366 болып тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2018 жылғы 30 шілде

№160

«Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының

2017 жылғы 22 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы №245 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16256 болып тіркелген, 2018 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакциядағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1) осы қаулыға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттарының шеңберінде сақтанушылар активтерінің есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;

4-2) осы қаулыға 4-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары туралы есептің нысаны;»;

1-тармақтың 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер туралы есептің нысаны;»;

1-тармақтың 26) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«26) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалған сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары туралы есептің нысаны;»;

1-тармақ мынадай редакциядағы 36-1) тармақшамен толықтырылсын:

«36-1) осы қаулыға 36-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы сақтандыру брокерінің үлестес тұлғалары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-сақтандыру брокерлерінің қатысуымен қайта сақтандыру шарттары туралы және Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру брокерінің сақтандыру



тәуекелдерін Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-қайта сақтандыру ұйымдарының қайта сақтандыруына орналастыру талаптары туралы есептің нысаны;»;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 2), 4), 4-1), 4-2), 6), 7), 8), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 23) және 28) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың алтыншы жұмыс күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сақтандыру брокері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тоқсан сайын осы қаулының 1-тармағының 35) және 36) және 36-1) тармақшаларында көзделген есептілікті электрондық форматта, есепті тоқсаннан кейінгі айдың алтыншы жұмыс күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде табыс етеді.»;

«Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесі» 1-қосымшасы мынадай редакциядағы 36) тармақшамен толықтырылсын:

«36) Қазақстан Республикасы сақтандыру брокерінің үлестес тұлғалары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-сақтандыру брокерлерінің қатысуымен қайта сақтандыру шарттары туралы және Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру брокерінің сақтандыру тәуекелдерін Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-қайта сақтандыру ұйымдарына қайта сақтандыруға орналастыру талаптары туралы есеп.»;

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесі осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесі осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшаның және орналастырылған салымдардың қалдықтары туралы есеп осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшаның және орналастырылған салымдардың қалдықтары туралы есеп осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшаның және исламдық сақтандыру қорының активтері есебінен орналастырылған салымдардың қалдықтары туралы есеп осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшаның және исламдық сақтандыру қорының активтері есебінен орналастырылған салымдардың қалдықтары туралы есеп осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар туралы есеп осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар туралы есеп осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакциядағы 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттарының шеңберінде сақтанушылар активтерінің есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеппен толықтырылсын;

осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакциядағы 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттарының шеңберінде сақтанушылар активтерінің есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеппен толықтырылсын;

осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакциядағы 4-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары туралы есеппен толықтырылсын;

5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша исламдық сақтандыру қоры есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша исламдық сақтандыру қоры есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;



6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кері репо, репо операциялары туралы есеп осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кері репо, репо операциялары туралы есеп осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық мүлік және негізгі құрал-жабдықтар туралы есеп осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық мүлік және исламдық сақтандыру қоры есебінен сатып алынған негізгі құрал-жабдықтар туралы есеп осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу туралы есеп осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу туралы есеп осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу туралы есеп осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары туралы есеп осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ірі сақтандыру төлемдері және ірі мәлімделген талаптар туралы есеп осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кірістер мен шығыстар туралы есеп осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі кірістер мен шығыстар туралы есеп осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру төлемдері туралы есеп осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру төлемдері туралы есеп осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелердің көлемі бойынша есеп осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелердің көлемі бойынша есеп осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары туралы есеп осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен



жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары туралы есеп осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестің мүшелері туралы есеп осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғаларымен мәмілелері туралы есеп осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен мәмілелер туралы есеп осы қаулыға 39-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ірі қатысушыларды немесе сақтандыру холдингтерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акционерлері туралы мәліметтер осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұлттық және шетел валюталарындағы активтер мен міндеттемелердің мерзімдерін салыстыру туралы есеп осы қаулыға 41-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзге дебиторлық және кредиторлық берешектер туралы есеп осы қаулыға 42-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басқа заңды тұлғалардың капиталына исламдық сақтандыру қоры есебінен инвестицияланған инвестициялар туралы есеп осы қаулыға 43-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғаларымен жасалған сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары туралы есеп осы қаулыға 44-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары туралы есеп осы қаулыға 45-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екінші деңгейдегі банктердің қатысуымен жасалған сақтандыру шарттары туралы есеп осы қаулыға 46-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екінші деңгейдегі банктердің қатысуымен жасалған сақтандыру шарттары туралы есеп осы қаулыға 47-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалпы және әкімшілік шығыстар туралы есеп осы қаулыға 48-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланстан тыс шоттар бойынша қалдықтар туралы есеп осы қаулыға 49-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономикалық қызмет түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларын және сақтандыру төлемдерін жіктеу туралы есеп осы қаулыға 50-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша сақтандыру шарттары бойынша қабылданған және жүзеге асырылған сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері туралы есеп осы қаулыға 51-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша сақтандыру шарттары бойынша қабылданған және жүзеге асырылған сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері туралы есеп осы қаулыға 52-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру өнімдері туралы есеп осы қаулыға 53-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;



33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайта сақтандыру қызметі туралы есеп осы қаулыға 54-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтанушыларға («өмірді сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін) берілген қарыздар туралы есеп осы қаулыға 55-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру брокерлерінің қатысуымен жасалған қайта сақтандыру шарттары туралы есеп осы қаулыға 56-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру брокерлерінің қатысуымен жасалған сақтандыру шарттары туралы есеп осы қаулыға 57-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 58-қосымшаға сәйкес редакцияда 36-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы сақтандыру брокерінің үлестес тұлғалары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-сақтандыру брокерлерінің қатысуымен қайта сақтандыру шарттары туралы және Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру брокерінің сақтандыру тәуекелдерін Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-қайта сақтандыру ұйымдарына қайта сақтандыруға орналастыру талаптары туралы есеппен толықтырылсын.

2. Зерттеулер және статистика департаменті (Тутушкин В.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 16 және 17-бағандарда «листингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



**Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығы кәсіби
қатысушыларының және бірыңғай
жинақтаушы зейнетақы қорының
есептілік ұсыну мәселелері
бойынша өзгерістер енгізілетін
нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесіне
44-қосымша**

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы «28» тамыздағы
№167 қаулысына
17-қосымша**

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

**Меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар мен ақша және ақша
қаражатының баламалары туралы есеп**

Есепті кезең: 20__жылғы «__»_____

Индекс: 1 – ENPF_Vklady_SA

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей.



Нысан

(мың теңгемен)

P/c №	Ұйымның атауы	Рейтинг		Валюта	Банктік салым шартының жасалған күні мен нөмірі		Салым мерзімі (күндермен)
		орналастыру күніне	есепті күні		күні	нөмірі	
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Кассадағы ақша						
2.	Жолдағы ақша						
2.1.							
...							
3.	Екінші деңгейдегі банктердегі шоттардағы ақша						
3.1.							
...							
4.	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы шоттардағы ақша						
4.1.							
...							
5.	Басқа ақша және ақша баламалары						
5.1.							
...							
6.	Ақша және ақша қаражаттары баламаларының барлығы						
7.	Талап етілгенге дейінгі салымдар						
7.1.							
...							
8.	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі мерзімді салымдар						
8.1.							
...							
9.	Шартты салымдар						
9.1.							
...							
10.	Бейрезидент ұйымдардағы мерзімді салымдар						
10.1.							
...							
11.	Барлық салымдар						



кестенің жалғасы:

Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі (жылдық пайыздармен)		Салымға енгізілген сома		Баланстық құны		Анықтама үшін: калыптастырылған резервтер (провизиялар)	Ескертпе
номиналды	тиімді	теңгемен	шетел валютасында	барлығы	оның ішінде салым бойынша есептелген сыйақы		
9	10	11	12	13	14	15	16

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____ қолы

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____ қолы

Орындаушы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____ қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қою күні 20 _____ жылғы « _____ » _____

Ескертпе: Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



Меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар мен ақша және ақша қаражатының баламалары туралы есеп нысанына қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар мен ақша және ақша қаражатының баламалары туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар мен ақша және ақша қаражатының баламалары туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ай сайын, есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. Есепте 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе олар есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлғалар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 3 және 4-бағандарды толтыру кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы №385 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8318 тіркелген) 3-тармағында көрсетілген рейтингілік агенттіктердің бірі берген рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 4 және 5-бағандарда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бойынша толтырылмайды.

6. 5-бағанда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі.

7. 5 және 13-бағандарда 1, 2, 3, 4, 5 және 6-жолдар толтырылады.

8. 8-бағанда банктік салым шарты бойынша салымның мерзімі көрсетіледі, салым мерзімі ұзартылған жағдайда ұзартылған мерзімі ескеріліп көрсетіледі.

9. 11 және 12-бағандарда меншікті активтерді салымдарға орналастыру сомасы көрсетіледі. Активтер теңгедегі салымға орналастырылған жағдайда 11-баған толтырылады. Активтер шетел валютасындағы салымға орналастырылған жағдайда баламасы теңгемен 11-бағанда бір мезгілде көрсетіле отырып, 12-баған толтырылады. 11-баған мың теңгемен, 12-баған шетелдік валютаның мың бірлігімен толтырылады.



10. Нысан салымдар мен ақша сомасы көрсетіле отырып, әрбір валюта, банк және ұйым бойынша, сондай-ақ әрбір шот пен салым бойынша жеке-жеке толтырылады.
11. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



**Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығы кәсіби
қатысушыларының және бірыңғай
жинақтаушы зейнетақы қорының
есептілік ұсыну мәселелері
бойынша өзгерістер енгізілетін
нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесіне
45-қосымша**

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы «28» тамыздағы
№ 167 қаулысына
18-қосымша**

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп

Есепті кезең: 20__ жылғы «__» _____

Индекс: 1 – ENPF_IKDU

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей.



Нысан
(мың теңгемен)

№	Заңды тұлғаның атауы	Сатып алу құны	Баланстық құны		Жарғылық капиталдағы үлес (пайызбен)	Сатып алынған күні	Ескертпе
			барлығы	оның ішінде есептелген дивидендтер			
1	2	3	4	5	6	7	8
1							
2							
...							

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____ қолы

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____ қолы

Орындаушы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____ қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қою күні 20 _____ жылғы « _____ » _____

Ескертпе: Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп нысанына қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп» әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ай сайын, есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. Есепте 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе олар есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қауымдасқан ұйымдардың, сондай-ақ басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестицияларының мөлшері туралы мәліметтер көрсетіледі.

6. 3-бағанда сатып алу күніндегі акциялардың сатып алу құны көрсетіледі.

7. 4-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың баланстық құны көрсетіледі.

8. 5-бағанда басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар бойынша есептелген дивидендтер сомасы көрсетіледі.

9. 7-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы тану күні көрсетіледі.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



**Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығы кәсіби
қатысушыларының және бірыңғай
жинақтаушы зейнетақы қорының
есептілік ұсыну мәселелері
бойынша өзгерістер енгізілетін
нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесіне
46-қосымша**

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 28 тамыздағы
№167 қаулысына
19-қосымша**

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

Меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп

Есепті кезең: 20__жылғы «__»_____

Индекс: 1 – ENPF_DEALINGS_SA

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей.



1-кесте. Меншікті активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар

(теңгемен)

№	Мәмілені жасау күні	Брокердің және (немесе) дилердің атауы	Қызметке ақы төлеу			Мәміле түрі	Нарық
			брокердің және (немесе) дилердің	банктің	сауда-саттықты ұйымдастырушының		
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздың түрі және оның эмитентінің атауы	Сәйкестендіру нөмірі	Номиналдық құн валютасы	Бір бағалы қағаздың номиналдық құны	Мәміле көлемі (бағалы қағаз данасы)	Төлем валютасы	Бір бағалы қағазды сатып алу (сату) бағасы
9	10	11	12	13	14	15

кестенің жалғасы:

Мәміле жасалған күнге бір бағалы қағаздың ең төменгі құны	Мәміле жасалған күнге бір бағалы қағаздың ең жоғарғы құны	Бағалы қағаздар бойынша кірістілік (пайызбен)	Мәміле сомасы	Қарсы серіктестің атауы	Қарсы серіктестің рейтингі
16	17	18	19	20	21

2-кесте. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымдар

(теңгемен)

№	Ақшаны аудару күні	Банктің атауы	Салым бойынша операциялар	Банктік салым шартын жасау күні және нөмірі	Салым мерзімі (күндермен)	Сыйақы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)	Салым валютасы	Салым сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

3-кесте. Меншікті активтер есебінен сатып алынған тазартылған бағалы металдар

(теңгемен)

№	Мәміле жасау күні	Қарсы серіктестің атауы	Қызметке ақы төлеу	Мәміле түрі	Тазартылған бағалы металдың түрі	Мәміле көлемі (бірлік)	Төлем валютасы	Бір бірлігін сатып алу бағасы	Мәміле сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10



4-кесте. Меншікті активтер есебінен сатып алынған туынды қаржы құралдары

(теңгемен)

№	Мәміле жасау күні	Брокердің және (немесе) дилердің атауы	Қаржы құралдарын есепке қою күні	Мәміле бойынша есептеу күні	Туынды қаржы құралының түрі	Бағалы қағаздардың сәйкестендіру нөмірі	Нарық	Базалық актив және оның рейтингі	Қарсы агент және оның рейтингі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Кестенің жалғасы:

Мәміле талаптарының сипаттамасы					Хеджирлеу көлемі	Инвестициялық шешімнің нөмірі мен күні	Мәміле жасау күніндегі вариациялық маржа, теңге	Мәміле жасау күніндегі бастапқы маржа, пайыз	Саудасаттық режимі	Ескертпе
Мәміле түрі	Қаржы құралдарының саны, дана	Мәміле бағасы теңге	Мәміле сомасы, мың теңге	Мәміле валютасы						
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____ қолы

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____ қолы

Орындаушы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____ қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қою күні 20 ____ жылғы « ____ » _____

Ескертпе: Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Меншікті активтерді
инвестициялау бойынша
жасалған мәмілелер
туралы есеп
нысанына қосымша**

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп» әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есепті кезең (ай) үшін ай сайын толтырады. Нысандағы деректер теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-кесте бойынша:

1) 2-бағанда халықаралық (шетел) бағалы қағаздар нарығында мәміле жасалған жағдайда оны жасау күні көрсетіледі (trade date);

2) 7-бағанда мәміле түрі көрсетіледі (сатып алу, сату, өтеу, купонды өтеу, дивидендтер төлеу, кері репо операциясы – ашу (жабу) және басқа);

3) 8-бағанда сауда жүйесінде мәміле жүзеге асырылған не мәміле ұйымдастырылмаған нарықта жасалған сауда-саттықты ұйымдастырушы көрсетіледі;

4) 9-бағанда эмитенттің атауы және бағалы қағаздармен сауда-саттықтарды ұйымдастырушылардың сауда алаңдарында сауда-саттықтарға жіберілген бағалы қағаздардың түрі көрсетіледі;

5) 11 және 14-бағандарда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі;

6) 15-бағанда сатушыға төленген сыйақыны ескере отырып, мәміленің жүзеге асырылғанын растайтын (биржалық куәлік, брокердің-дилердің есебі, SWIFT жүйесі бойынша алынған растау) бастапқы құжатта көрсетілген үтірден кейін нақты төрт белгіге дейін дәл төлем валютасында бағасы көрсетіледі. Бастапқы құжатта валютада көрініс тапқан баға болмаған жағдайда номиналды құнның пайызбен көрініс тапқан баға көрсетіледі;

7) 16 және 17-бағандарда Bloomberg ақпараттық-аналитикалық жүйелердің деректері бойынша осы қаржы құралы айналысы көрініс табатын халықаралық (шетел) қор биржаларында не REUTERS номиналды құн валютасында жасалған акцияларды сатып алу (сату) бойынша мәмілелер бойынша бағалар көрсетіледі;

8) 18-бағанда бағалы қағаздар бойынша кірістілік пайызбен көрсетіледі (облигациямен мәміле бойынша – бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде



иелігінен айыру не сатып алу нәтижесінде пайда болған кірістілік; кері репо операциялары бойынша – автоматты репо секторында мәміле жасау нәтижесінде пайда болған кірістілік);

9) 19-бағанда үтірден кейін нақты екі белгіге дейін дәл сома көрсетіледі;

10) 20 және 21-бағандар халықаралық (шетел) бағалы қағаздар нарықтарында жасалған мәмілелер бойынша толтырылады.

6. 2-кесте бойынша:

1) 2-бағанда салым салынған жағдайда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық шотынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ағымдағы шотына аударым күні не мерзімінен бұрын қайтару күні немесе шартты бұзған жағдайда – ақшаны инвестициялық шотқа қайтару күні көрсетіледі;

2) 4-бағанда салым бойынша операциялар көрсетіледі (ақшаны салымға салу, салым бойынша сыйақы төлеу, салымды мерзімінен бұрын қайтару немесе банктік салым шартының мерзімі өткеннен соң салымды қайтару);

3) 9-бағанда үтірден кейін нақты екі белгіге дейін дәл сома көрсетіледі.

7. 3-кесте бойынша:

1) 2-бағанда мәмілені жасау күні көрсетіледі (trade date);

2) 5-бағанда мәміленің түрі көрсетіледі (сатып алу, сату және басқа);

3) 6-бағанда тазартылған бағалы металдар түрлерінің атауы көрсетіледі;

4) 8-бағанда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі;

5) 10-бағанда үтірден кейін нақты екі белгіге дейін дәл сома көрсетіледі.

8. 4-кесте бойынша:

1) 2-бағанда «жжжж.кк.аа.» форматында мәмілені жасау күні көрсетіледі;

2) 4-бағанда «жжжж.кк.аа.» форматында бухгалтерлік есептегі қаржы құралдарын бастапқы мойындау күні көрсетіледі;

3) 5-бағанда «жжжж.кк.аа.» форматында мәміле бойынша есеп айырысу күні көрсетіледі;

4) 6-бағанда туынды қаржы құралдарының түрі көрсетіледі (опцион, фьючерс, форвард, своп және басқа да туынды қаржы құралдары);

5) 7-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі бағалы қағаз болып табылған жағдайда бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

6) 8-бағанда сауда жүйесінде мәміле жүзеге асырылған сауда-саттықты ұйымдастырушының атауы және «қор биржасының (ел) атауы» форматында оның резиденттігі елі не мәміле «ұйымдастырылмаған нарық» форматында қор биржасында жасалмағаны көрсетіледі;

7) 9-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздың және оның эмитентінің атауы, валюта, пайыздық мөлшерлеме, тауар және басқа да базалық активтер) және «базалық актив (рейтинг) (рейтингтік агенттік)» форматында рейтингтік агенттік (бар болса) берген базалық активтің рейтингі көрсетіледі. Егер базалық активте рейтингтер болмаса, онда базалық актив көрсетіледі және «базалық актив (рейтингі жоқ)» форматында рейтинг болмағаны нұсқалады;

8) 10-бағанда егер мәміле қор биржасында жасалмаса, қарсы агент, оның резиденттік елі, сондай-ақ «қарсы агент/елі/рейтингі (рейтингтік агенттік)» форматында осы қарсы агентке берілген рейтингі көрсетіледі. Қарсы агентте рейтинг болмаған жағдайда «қарсы агент/елі/рейтингі жоқ» форматында ақпарат көрсетіледі;

9) 11-бағанда мәміле (сатып алу, сату және басқа) түрі көрсетіледі;

10) 16-бағанда егер мәміле хеджирлеу мақсатында жасалса «иә» сөзі және «иә/хеджирлеу объектісінің деректемелері» форматында хеджирлеу объектісінің деректемелері (бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі, саны, құны, көлемі, валютасы) көрсетіледі. Егер мәміле хеджирлеу мақсатында жасалмаса «жоқ» сөзі көрсетіледі;

11) 17-бағанда инвестициялық комитеттің мәмілені жасау туралы инвестициялық шешімді қабылдау нөмірі мен күні көрсетіледі;

12) 18-бағанда бар болса вариациялық маржа – биржа есептейтін және мерзімді келісімшарт



белгіленімінің өзгеруін ескеретін сауда-саттыққа қатысушының міндеттемелері өзгеруінің ақшалай көрінісі көрсетіледі;

13) 19-бағанда бар болса бастапқы маржа – биржа айқындайтын, клиент әрбір ашық позиция үшін енгізуі тиіс базалық активтің нарықтық құнының сомалық үлесі көрсетіледі;

14) 20-бағанда T+0 немесе T+n форматында сауда-саттық режимі көрсетіледі не биржа ережелерінде көзделген сауда-саттықтың басқа режимі сипатталады;

15) 21-бағанда мәміле тараптарында талаптардың және міндеттемелерді туындау шарттары көрсетіледі.

9. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен көрсетіледі.



**Қазақстан Республикасының
бағалы қағаздар нарығы кәсіби
қатысушыларының және бірыңғай
жинақтаушы зейнетақы қорының
есептілік ұсыну мәселелері
бойынша өзгерістер енгізілетін
нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесіне
47-қосымша**

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы «28» тамыздағы
№167 қаулысына
20-қосымша**

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

**Дефолтқа жол берген эмитенттердің зейнетақы активтері есебінен сатып алынған
қаржы құралдары бойынша есеп**

Есепті кезең: 20__жылғы «__»_____

Индекс: 9 – ENPF_DEFAULT_PA

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатындар: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей.



_____ есебінен құралған зейнетақы активтері

(в тенге)

№	Эмитенттің атауы	Бағалы қағаздың түрі немесе салым шартының нөмірі	Сәйкестендіру нөмірі	Талап ету құқығының сәйкестендіргіші	Бағалы қағаздар саны (дана)	Өтеу күні	Тану тоқтатылған күн
1	2	3	4	5	6	7	8
	Жиынтығы						

Кестенің жалғасы:

Берешек мөлшері				Барлық берешек	Реттеу түрі және берешек сомасы
негізгі борыш бойынша	сыйақы бойынша	негізгі борыш бойынша өсімпұл	сыйақы бойынша өсімпұл		
9	10	11	12	13	14
...					

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Орындаушы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн: 20__ жылғы «__» _____

Ескерту: әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Зейнетақы активтерінің есебінен
сатып алынған дефолтқа
жол берген эмитенттердің
қаржы құралдары бойынша
есеп нысанына қосымша**

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

**Дефолтқа жол берген эмитенттердің зейнетақы активтері есебінен
сатып алынған қаржы құралдары бойынша есеп**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған дефолтқа жол берген эмитенттердің қаржы құралдары бойынша есеп» әкімшілік деректер жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры тоқсан сайын, есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер теңгемен көрсетіледі.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Нысан міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарының және ерікті зейнетақы жарналарының есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша жеке ұсынылады.

«Есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері» жолында «міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары» немесе «жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары» сияқты зейнетақы жарналарына қарай қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша мәліметтер көрсетіледі.

6. 3-бағанда сатып алынған бағалы қағаздың түрі оның типін немесе салым шартының нөмірін көрсетумен көрсетіледі.

7. 4-бағанда бағалы қағаздардың сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

8. 5-бағанда талап ету құқығын сәйкестендіргіш көрсетіледі.

9. 6-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

10. 7-бағанда қаржы құралын өтеу күні көрсетіледі.

11. 8-бағанда бухгалтерлік есепте қаржы құралын тануды тоқтату күні көрсетіледі.

12. 13-баған 9, 10, 11 және 12-бағандардың сомасы болып табылады.

13. 14-бағанда берешекті реттеу түрі: оналту/қайта құрылымдау, банкроттық, атқарушылық іс жүргізу, соттан тыс реттеу, сондай-ақ кредиторлар талаптарының тізілімінде танылған берешекті өтеу туралы жасалған келісімге сәйкес соттың шешімімен айқындалған берешектер сомасы көрсетіледі.

14. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2018 жылғы 30 шілде

№ 162

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп нысаны;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен жасалған кері репо және репо операциялары туралы есеп нысаны;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес екінші деңгейдегі банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ағымдағы шоттарда меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар мен ақша туралы есеп нысаны;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес меншікті активтер есебінен басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп нысаны;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес меншікті активтер мен клиенттердің активтері құрамында есепке алынатын берілген қарыздар мен дебиторлық берешек туралы есеп нысаны;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес инвестициялық қорлар жөніндегі есеп нысаны;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес клиенттердің активтері есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп нысаны;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес инвестициялық қордың өзге мүлігінің құрылымы туралы есеп нысаны;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялық қордың және басқа да клиенттердің инвестициялары туралы есеп нысаны;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерінің құны туралы есеп нысаны;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп нысаны;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес зейнетақы жинақтарының көлемі және ерікті



зейнетақы жарналары салымшыларының/алушыларының саны туралы есеп нысаны;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемдері туралы есеп нысаны;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес клиенттердің активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп нысаны;

16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп нысаны;

17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес клиенттердің активтерін және меншікті активтерді туынды қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп нысаны;

18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп нысаны;

19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған (тіркелген) қаржы құралдарымен мәмілелер (операциялар) туралы есеп нысаны;

20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие ұйым туралы мәліметтер нысаны;

21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы есеп нысаны;

22) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп нысаны;

23) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп нысаны;

24) осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес брокердің шоттарындағы ақша қалдықтары туралы есеп нысаны;

25) осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы есеп нысаны;

26) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп нысаны;

27) осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп нысаны;

28) осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті табыс ету қағидалары бекітілсін.

2. Инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар осы қаулыға 2, 3, 4, 5, 6-қосымшаларға сәйкес есептілікті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) электрондық форматта, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – инвестициялық портфельді басқарушы) осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша осы қаулыға 7, 8, 9, 10, 15, 16, 17, 18-қосымшаларға сәйкес есептілікті уәкілетті органға электрондық форматта, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушылар (бұдан әрі – ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры) осы қаулыға 11, 12, 13, 14-қосымшаларға сәйкес есептілікті уәкілетті органға электрондық форматта, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей қосымша ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органмен жасалған активтерді инвестициялық басқару шартына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарған жағдайда, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры 11, 12, 13, 14-қосымшаларға сәйкес есептілікті бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері және басқарудағы зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынады.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – брокерлер



және (немесе) дилерлер) осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша осы қаулыға 19, 21 және 24-қосымшаларға сәйкес есептілікті уәкілетті органға электрондық форматта, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Брокерлер және (немесе) дилерлер осы қаулыға 20, 22, 23, 25, 26 және 27-қосымшаларға сәйкес есептілікті уәкілетті органға электрондық форматта, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей қосымша ұсынады.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органға осы қаулыға 22, 23, 24, 25, 26, 27-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензияларына ие екінші деңгейдегі банктер уәкілетті органға осы қаулыға 2, 3, 4, 5, 6, 23-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие Ұлттық почта операторы уәкілетті органға осы қаулыға 2, 3, 4, 5-қосымшаларға сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы жоқ брокерлер және (немесе) дилерлер осы қаулыға 26 және 27-қосымшаларға сәйкес есептілікті уәкілетті органға ұсынбайды.

Инвестициялық портфельді басқарушылар осы қаулыға 7, 8, 9, 10, 15, 16, 17 және 18-қосымшаларда белгіленген нысандарды толтыру кезінде сенімгерлік басқаруға берілген уәкілетті органның алтынвалюта активтерін және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін көрсетпейді.

3. Мына:

1) «Инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы №230 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8857 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2014 жылғы 5 сәуірде №66 (28290) жарияланған);

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қаңтардағы №5 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16498 болып тіркелген, 2018 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

4. Зерттеулер және статистика департаменті (Тутушкин В.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін



күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің Төрағасы
_____ Н. Айдапкелов

2018 жылғы «12» қыркүйек



Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесі

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептілігінде мыналар қамтылады:

- 1) меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп;
- 2) меншікті активтер есебінен жасалған кері репо және репо операциялары туралы есеп;
- 3) екінші деңгейдегі банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ағымдағы шоттарда меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар мен ақша туралы есеп;
- 4) меншікті активтер есебінен басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп;
- 5) меншікті активтер мен клиенттердің активтері құрамында есепке алынатын берілген қарыздар мен дебиторлық берешек туралы есеп;
- 6) инвестициялық қорлар жөніндегі есеп;
- 7) клиенттердің активтері есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп;
- 8) инвестициялық қордың өзге мүлігінің құрылымы туралы есеп;
- 9) акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялық қордың және басқа да клиенттердің инвестициялары туралы есеп;
- 10) зейнетақы активтерінің құны туралы есеп;
- 11) зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп;
- 12) зейнетақы жинақтарының көлемі және ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының/ алушыларының саны туралы есеп;
- 13) зейнетақы төлемдері туралы есеп;
- 14) клиенттердің активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;
- 15) меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;
- 16) клиенттердің активтерін және меншікті активтерді туынды қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;
- 17) клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп;
- 18) Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған (тіркелген) қаржы құралдарымен мәмілелер (операциялар) туралы есеп;
- 19) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие ұйым туралы мәліметтер;
- 20) бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы есеп;
- 21) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп;
- 22) үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп;
- 23) брокердің шоттарындағы ақша қалдықтары туралы есеп;
- 24) брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы есеп;



- 25) номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп;
- 26) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп.



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп

Есепті кезең: 20__ жылғы «__» _____

Индекс: 1 – RCB_CBSA

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: инвестициялық портфельді басқарушылар; брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын



Нысан

(Ұйымның атауы)

(мың теңгемен)

p/c №	Эмитенттің атауы	Эмитент елі	Бағалы қағаз түрі	Сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздар саны		
					барлығы	оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар	
						ауыртпалық салынған бағалы қағаздар, барлығы	оның ішінде репоға берілген бағалы қағаздар
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары						
1.1.							
...							
2	Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары						
2.1.	екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары						
2.1.1.							
...							
2.2.	екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары						
2.2.1.							
...							
3	Шет мемлекеттердің бағалы қағаздары						
3.1.							
...							
4	Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары						
4.1.							
...							
5	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары						
5.1.							
...							
6	Пайлар						
6.1.							
...							
7	Жиынтығы						



кестенің жалғасы:

Бағалы қағазды сатып алу валютасы	Бір бағалы қағазды сатып алу бағасы	Кезеңі		Бағалы қағаздарды сатып алу құны	Номиналдық құны	
		есепке қойылған күні	өтеу күні		валютасы	бір бағалы қағаздың құны
9	10	11	12	13	14	15
...						

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың баланстық құны						
барлығы	дисконт / сыйлықақы	есептелген сыйақы	он/теріс түзету	ауыртпалық салынған бағалы қағаздар, барлығы	оның ішінде репоға берілген бағалы қағаздар	Анықтама үшін: қалыптастырылған резервтер (провизиялар)
16	17	18	19	20	21	22
...						

кестенің жалғасы:

Есепке алу санаты	Рейтинг		Портфельдегі ағымдық купондық мөлшерлеме
	есепке қойылған күні	есепті күні	
23	24	25	26
...			

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ қолы
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ қолы
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Орындаушы

_____ қолы
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Меншікті активтер
есебінен сатып алынған
бағалы қағаздар туралы
есеп нысанына
қосымша**

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы, брокер және (немесе) дилер есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2 және 3-бағандарда бағалы қағаз эмитентінің атауы және оның резиденттік елі көрсетіледі.

6. 4-бағанда типі көрсетіле отырып, сатып алынған бағалы қағаз түрі көрсетіледі.

7. 5-бағанда бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі, эмитенттің айналыс мерзімі аяқталған және эмитент оларды өтеу міндеттемелерін орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқықтарына қатысты – талап ету құқықтарының сәйкестендіргіші көрсетіледі.

8. 6-бағанда данамен сатып алынған бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында номиналдық құны бойынша көрсетіледі.

9. 7-бағанда есепті күнге ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

10. 8-бағанда есепті күні репоға берілген, ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

11. 9 және 14-бағандарда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі.

12. 10-бағанда мәміленің теңгемен жүзеге асырылғанын растайтын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокердің және (немесе) дилердің есебі, ақпарат берудің және төлемдер жасаудың халықаралық банкаралық жүйесі (SWIFT) бойынша алынған растау) жазылған баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздардың бағасы жинақталған сыйақыны ескере отырып, үтірден кейінгі төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен номиналды құнға қатысты пайызбен көрсетіледі. Бағалы қағазды (борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) сатып алу шетел валютасымен төленген жағдайда осы сома мәміле жасасқан күні



қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі.

13. 11-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылу күні көрсетіледі.

14. 12-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу күні көрсетіледі.

15. 13-бағанда агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақыны және комиссияны қосқанда, тікелей сатып алуға байланысты шығыстарды, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ аударым бойынша банк қызметтерін қосқанда, сатып алушының сатушыға төлеген пайызының (мұндай бар болса) шамасына азайтылған бағалы қағаздардың сатып алу құны көрсетіледі.

16. 14 және 15-бағандар борыштық бағалы қағаздар бойынша толтырылады. 15-бағанда облигацияны шығару кезінде айқындалған, купондық облигация бойынша пайыздармен көрінетін сыйақы есептелетін облигация құнының ақшалай көрінісі, сондай-ақ облигацияны ұстаушыға оны өтеу кезінде төленуге тиіс сома көрсетіледі. Сомасы шығарылым валютасымен көрсетіледі.

17. 16-бағанда бағалы қағаздардың бухгалтерлік есепте берілген құны көрсетіледі.

18. 17-бағанда дисконттың (алу белгісімен) немесе сыйлықақының (абсолюттік көрінісінде) амортизацияланбаған бөлігі көрсетіледі.

19. 18-бағанда есептелген, бірақ алынбаған сыйақы көрсетіледі, осы бағанды толтыру кезінде борыштық бағалы қағаздар бойынша купон көрсетіледі, акциялар бойынша дивидендтер көрсетіледі.

20. 19-бағанда оң немесе теріс түзету көрсетіледі.

21. 20-бағанда ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың бухгалтерлік есепте берілген құны көрсетіледі.

22. 21-бағанда репо шарттарымен ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың бухгалтерлік есепте берілген құны көрсетіледі.

23. 22-бағанда қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер (провизиялар) мөлшері көрсетіледі. Резервтер (провизиялар) мөлшері абсолютті шамада көрсетіледі.

24. 23-бағанда бағалы қағаздың «басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есептелетін», «пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есептелетін» немесе «амортизацияланған құны бойынша есептелетін» санаты көрсетіледі.

25. 24 және 25-бағандарды толтыру кезінде «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең аз рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы №385 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8318 болып тіркелген) 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша ел рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 24 және 25-бағандарда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

26. 26-бағанда Нысанды ұсыну күні борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі.

27. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Меншікті активтер есебінен жасалған кері репо және репо операциялары туралы есеп

Есепті кезең: 20__ жылғы «__» _____

Индекс: 2 – RCB_REPO_SA

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: инвестициялық портфельді басқарушылар; брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын



(Ұйымның атауы)

(мың теңгемен)

p/c №	Эмитенттің атауы	Эмитент елі	Бағалы қағаз түрі	Сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздар саны	Номиналдық күн валютасы	Кезең	
							Операция ашылған күн	Операция жабылған күн
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Кері репо операциялары							
1.1.	Тура тәсіл							
1.1.1.								
1.2.	Автоматты тәсіл							
1.2.1.								
2	Репо операциялары							
2.1.	Тура тәсіл							
2.1.1.								
2.2.	Автоматты тәсіл							
2.2.1.								

кестенің жалғасы:

Операция мерзімі күнмен	Сыйақы мөлшерлемесі	Баланстық құны	Анықтама үшін: қалыптастырылған резервтер (провизиялар)	Рейтинг		Қор биржасы тізімінің санаты	
				мәміле жасалған күні	есепті күні	мәміле жасалған күні	есепті күні
10	11	12	13	14	15	16	17
...							

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Орындаушы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Меншікті активтер есебінен
жасалған кері репо және
репо операциялары
туралы есеп нысанына
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме**

**Меншікті активтер есебінен жасалған кері репо және
репо операциялары туралы есеп**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Меншікті активтер есебінен жасалған кері репо және репо операциялары туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы, брокер және (немесе) дилер есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 4-бағанда типі көрсетіле отырып, берілген және (немесе) сатып алынған кері репо және (немесе) репо операциялары бойынша бағалы қағаз түрі көрсетіледі.

6. 6-бағанда кері репо және (немесе) репо операциялары бойынша берілген және (немесе) сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

7. 7-бағанда валюталардың кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі.

8. 14 және 15-бағандарды толтыру кезінде «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең аз рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы №385 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8318 болып тіркелген) 3-тармағында көрсетілген рейтингілік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша ел рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 14 және 15-бағандарда «рейтингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

9. 16 және 17-бағандарда Қазақстан Республикасының қор биржасының ресми тізіміне сәйкес



Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы ресми тізімінің санаты болмаған кезде 16 және 17-бағандарда «листингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

1) Кестеде бағалы қағаздар және эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқығы бойынша деректер көрсетіледі;

2) 3-бағанда экономикалық қызмет түрі ҚР МС 03-2007 экономикалық қызмет түрлерінің ортақ жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі. Осы баған Қазақстан Республикасы резидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары бойынша толтырылады;

3) 5-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың түрі, оның типін көрсете отырып беріледі;

4) 6-бағанда бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

5) 7-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында номиналдық құны бойынша көрсетіледі;

6) 8 және 10-бағандарда валюта кодтары «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі.

7) 9-бағанда купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілген сыйақы есептелетін облигациялар бойынша оны шығару кезінде айқындалатын облигацияның ақшалай көрсеткіші, сондай-ақ оны өтеу кезінде облигацияны ұстаушыға төленуі тиіс сома көрсетіледі. Сوما шығарылым валютасында көрсетіледі;

8) 11 және 12-бағандарда мәміленің жасалғандығы расталатын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокердің және (немесе) дилердің есебі, ақпаратты аудару және төлемдері жасаудың халықаралық банкаралық жүйе бойынша (SWIFT) алынған растама) жазылған баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағазға шетел валютасымен төлем жасалған жағдайда, баламасы ұлттық валюта – теңгемен 12-бағанда бір мезгілде көрсетіле отырып, 11-баған толтырылады. 11-бағанда борыштық бағалы қағаздардың



бағасы жинақталған сыйақыны ескере отырып, үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен номиналдық құнына қатысты пайызбен көрсетіледі;

9) 13-бағанда бухгалтерлік бастапқы танылған күн көрсетіледі;

10) 14-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу мерзімі көрсетіледі;

11) 15-бағанда бағалы қағаздың тікелей сатып алуға қатысты шығыстарын қоса алғандағы, агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақылар мен комиссиялық сыйақыларды, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ аударым бойынша және сатып алушы сатушыға төлеген пайыздың шамасына азайтылған банк қызметтерін қоса алғандағы сатып алу құны (осындай бар болса) көрсетіледі;

12) 16-бағанда бағалы қағаздардың бухгалтерлік есепте көрсетілген ағымдағы құны көрсетіледі;

13) 20-бағанда «әділ күн бойынша бағаланатын», «амортизацияланған құны бойынша бағаланатын» бағалы қағаздың санаты көрсетіледі;

14) 21 және 22-бағандарды толтырған кезде «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы №385 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8318 болып тіркелген) (бұдан әрі №385 қаулы) 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген бағалы қағаздың облигациялар бойынша рейтингі, эмитенттің акциялар бойынша рейтингі, мемлекеттің бағалы қағаздар бойынша елдің рейтингі көрсетіледі. Рейтинг болмаған кезде 21 және 22-бағандарда «рейтинг жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 21-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күндегі рейтинг көрсетіледі;

15) 23 және 24-бағандарда Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасы қор биржасының санаты болмаған кезде 23 және 24-бағандарда «листинг жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінің бағалы қағаздары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 23-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күндегі қор биржасы тізімінің санаты көрсетіледі;

16) 25-бағанда Нысанды ұсыну күніндегі борыштық бағалы қағаздар бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі.

6. 2-кесте бойынша:

1) 4-бағанда репо операциялары бойынша сатып алынған бағалы қағаздардың түрі, оның типін көрсетіле отырып, беріледі;

2) 7 және 8-бағандарда валюта кодтары «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішісіне сәйкес көрсетіледі;

3) 9 және 10-бағандарда кері репо операциясының жүзеге асырылуын растайтын, бастапқы құжатта көрсетілген үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен бағасы көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағазға шетел валютасымен ақы төленген жағдайда, баламасы ұлттық валюта – теңгемен 9 және 11-бағандарда бір мезгілде көрсетіле отырып, 10 және 12-бағандар толтырылады, сатып алынған бағалы қағазға ұлттық валюта – теңгемен ақы төленген жағдайда, 9 және 11-бағандар толтырылады;

4) 15-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген ағымдағы құн көрсетіледі.

7. 3-кесте бойынша:



1) 3 және 4-бағандарды толтырған кезде №385 қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген рейтинг көрсетіледі. Рейтинг болмаған кезде 3 және 4-бағандарда «рейтинг жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Ұлттық Банктегі салымдар бойынша толтырылмайды;

2) 5-бағанда валюта кодтары «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішісіне сәйкес көрсетіледі;

3) 8-бағанда банктік салым шарты бойынша салым мерзімі көрсетіледі, салым мерзімі ұзартылған кезде мерзім мерзімін ұзартуды ескере отырып көрсетіледі;

4) 9 және 10-бағандарда жинақталған сыйақыны төлеу күні мен кезеңділігі банктік салым шартының талаптарына сәйкес көрсетіледі;

5) 13 және 14-бағандарда зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға орналастыру сомасы көрсетіледі. Зейнетақы активтерін салымға шетел валютасымен орналастырған жағдайда, баламасы ұлттық валюта – теңгемен 13-бағанда бірмезгілде көрсетіле отырып, 14-баған толтырылады, зейнетақы активтерін салымға ұлттық валюта – теңгемен орналастырған жағдайда, 13-баған толтырылады;

6) 15-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген салымдардың құны көрсетіледі;

7) 18-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

8) кесте салым сомасын әрбір банк бойынша және әрбір салым валютасы бойынша жеке көрсете отырып толтырылады.

8. 4-кесте бойынша:

1) 4-бағанда валюта кодтары «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктелісіне сәйкес көрсетіледі;

2) 5 және 7-бағандарда сатып алу бағасы мәмілені жасау күнінде қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі, 10-бағанда сома есепті күнде қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі. Аффинирленген бағалы металдарды ұлттық валюта – теңгемен сатып алған жағдайда 5, 7 және 9-бағандар толтырылады.

3) 9-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген ағымдағы құны көрсетіледі.

9. 5-кесте бойынша:

1) 3-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздың және оның эмитентінің атауы, валютасы, сыйақы мөлшерлемесі, тауар және басқа да базалық активтер) көрсетіледі;

2) 4-бағанда мәміле валютасы көрсетіледі. Валюта коды «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰС 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктелісіне сәйкес көрсетіледі;

3) 5-баған егер бағалы қағаз туынды қаржы құралының базалық активі болып табылған жағдайда толтырылады;

4) 6-бағанда «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі №69 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7118 болып тіркелген) талаптарына сәйкес туынды қаржы құралдарымен операцияларды жүргізу кезінде қалыптастырылатын шартты талаптар мен міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

5) 7-бағанда туынды қаржы құралының нарық құны (орнында болу құны) көрсетіледі, ол мынадай болады:



сатып алу мәмілелері бойынша – туынды қаржы құралының ағымдағы нарық құнының осы туынды қаржы құралының номиналды келісімшарт құнынан асып түсу шамасы (шартты талаптар), туынды қаржы құралының номиналды келісімшарт құнының осы туынды қаржы құралының ағымдағы нарық құнынан асып түсу шамасы (шартты міндеттемелер);

сату мәмілелері бойынша – туынды қаржы құралының номиналды келісімшарт құнының осы туынды қаржы құралының ағымдағы нарық құнынан асып түсу шамасы (шартты талаптар), туынды қаржы құралының ағымдағы нарық құнының осы туынды қаржы құралының номиналды келісімшарт құнынан асып түсу шамасы (шартты міндеттемелер).

10. Мәліметтер жоқ болған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықпен ұсынылады.



**Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
13-қосымша**

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

**Зейнетақы жанақтарының көлемдері және ерікті зейнетақы
жарналары салымшыларының/алушыларының саны туралы есеп**

Есепті кезең: 20 __ жылғы «__» _____

Индекс: 12-RCB_DPV

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын



(Ұйымның атауы)

(мың теңгемен)

Салымшылардың/ алушылардың жасы	Ерлер		Әйелдер	
	Саны (адам)	Сомасы	Саны (адам)	Сомасы
1	2	3	4	5
20 жасқа дейін				
21 жас				
22 жас				
23 жас				
24 жас				
25 жас				
26 жас				
27 жас				
28 жас				
29 жас				
30 жас				
31 жас				
32 жас				
33 жас				
34 жас				
35 жас				
36 жас				
37 жас				
38 жас				
39 жас				
40 жас				
41 жас				
42 жас				
43 жас				
44 жас				
45 жас				
46 жас				
47 жас				
48 жас				
49 жас				
50 жас				
51 жас				
52 жас				
53 жас				
54 жас				
55 жас				
56 жас				



57 жас				
58 жас				
59 жас				
60 жас				
61 жас				
62 жас				
63 жас				
64 жас				
65 жас				
66 жас				
67 жас				
68 жас				
69 жас				
70 жас				
71 жас				
72 жас				
73 жас				
74 жас				
75 жас				
76 жас				
77 жас				
78 жас				
79 жас				
80 жас				
81 жас және одан астам				
Жиынтығы				

Ескертпе _____

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ қолы
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ қолы
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Орындаушы

_____ қолы
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Зейнетақы жинақтарының
көлемдері және ерікті зейнетақы
жарналары салымшыларының/
алушыларының саны
туралы есеп нысанына
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме**

**Зейнетақы жанақтарының көлемдері және ерікті зейнетақы
жарналары салымшыларының/алушыларының саны туралы есеп**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Зейнетақы жинақтарының көлемдері және ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының/алушыларының саны туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен беріледі. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес) жүз теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанды толтыру кезінде зейнетақы жинақтары жоқ салымшылардың/алушылардың жеке сәйкестендіру нөмірімен жеке зейнетақы шоттардың саны бойынша, сондай-ақ жеке сәйкестендіру нөмірі жоқ (оның ішінде зейнетақы жинақтары сомасымен) жеке зейнетақы шоттарының саны бойынша мәліметтер болған жағдайда олар бойынша мәліметтер Нысанның ескертпесінде көрсетіледі.

6. 2 және 4-бағандарда салымшы/алушы жасына қарай бөлініп, зейнетақымен қамсыздандыру шартын жасаған ерлер және әйелдер (тиісінше бағандарда) бөлек салымшылар/алушылар саны көрсетіледі. Зейнетақы жинақтары сомасы олар бойынша тиісінше 3 және 5-бағандарда көрсетіледі.

7. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен беріледі.



**Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
14-қосымша**

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Зейнетақы төлемдері туралы есеп

Есепті кезең: 20 __ жылғы «__» _____

Индекс: 13-RCB_Vyplaty

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын



(Ұйымның атауы)

(мың теңгемен)

Баптардың атауы	Символы	Ағымдағы жылдың басынан бері кезең үшін		
		салымшылар/ алушылар саны	төлем саны	сомасы
1	2	3	4	5
Зейнетақы жинақтары төлемдері	100			
ерікті зейнетақы жарналары:	300			
елу жасқа келген кезде	301			
мүгедектік бойынша	302			
Қазақстан Республикасынан тысқары шуына байланысты	303			
мұрагерлерге	304			
жерлеуге	305			
басқа тұлғаларға	306			
Зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару	400			
ерікті зейнетақы жарналары:	600			
жасы бойынша	601			
мүгедектік бойынша	602			
Басқа да зейнетақы төлемдері	700			
Барлығы	1000			

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы

Орындаушы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



Зейнетақы төлемдері туралы есеп нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Зейнетақы төлемдері туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Зейнетақы төлемдері туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен беріледі. 500 (бес) жүз теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес) жүз теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 3-бағанда шоттарынан жылдың басынан бергі кезеңде төлем жүргізілген салымшылардың/ алушылардың саны (жинақталған қорытындымен) көрсетіледі.

6. 4-бағанда жылдың басынан бергі кезеңде төлем жүргізілген салымшылардың/ алушылардың саны (жинақталған қорытындымен) көрсетіледі. Төлем саны бойынша ақпарат салымшыларға/алушыларға жүргізілген төлем (транзакцияны) негізге ала отырып көрсетіледі.

7. 5-бағанда жылдың басынан бергі кезеңдегі төлем сомасы (жинақталған қорытындымен) көрсетіледі.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен беріледі.



Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
15-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Клиенттердің активтерін инвестициялау бойынша жасалған
мәмілелер туралы есеп

Есепті кезең: 20 __ жылғы _____

Индекс: 14-RCB_DEALINGS_client

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: инвестициялық портфельді басқарушылар

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын



Нысан

(Ұйымның атауы)

1-кесте. Клиенттердің активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар (теңгемен)

№	Клиенттің атауы	Мәміле жасалған күн	Мәміле бойынша есеп айырысу күні	Брокер және (немесе) дилердің атауы	Мәміле түрі	Нарығы	Бағалы қағаздың түрі және оның эмитентінің атауы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Зейнетақы активтері бойынша барлығы						
1.1.							
...							
2	Инвестициялық қорлар активтері бойынша барлығы						
2.1.							
...							
3	Басқа да клиенттер бойынша барлығы						
3.1.							
...							
4	Жиынтығы						

кестенің жалғасы:

Сәйкестендіру нөмірі	Номиналды құн валютасы	Бір бағалы қағаздың номиналды құны	Бағалы қағаздар саны	Төлем валютасы	Бір бағалы қағазды сатып алу (сату) бағасы	Мәміле жасаған күні бір бағалы қағаздың ең төмен бағасы	Мәміле жасаған күні бір бағалы қағаздың ең жоғары бағасы
9	10	11	12	13	14	15	16
...							

кестенің жалғасы:

Мәміле жасалған күні бір бағалы қағаздың нарықтық бағасы	Бағалы қағаздар бойынша кірістілігі (пайызбен)	Мәміле көлемі	Контрәріптестің атауы	Контрәріптестің рейтингі	
				Мәміле жасаған күн	Есепті күн
17	18	19	20	21	22
...					



2-кесте. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымдар

№	Клиенттің атауы	Ақша аударылған күн	Банктің атауы	Салым бойынша операциялар	Операция сомасы
1	2	3	4	5	6
1	Зейнетақы активтері бойынша барлығы				
1.1.					
...					
2	Инвестициялық қорлардың активтері бойынша барлығы				
2.1.					
...					
3	Басқа да клиенттер бойынша барлығы				
3.1.					
...					
4	Жиынтығы				

кестенің жалғасы:

Банк салымын жасау күні мен нөмірі	Салым мерзімі (күнмен)	Сыйақы ставкасы (жылдық пайызбен)	Салым валютасы	Салым сомасы
7	8	9	10	11
...				

3-кесте. Клиенттердің активтері есебінен сатып алынған аффинирленген бағалы металдар

№	Клиенттің атауы	Мәміле жасалған күн	Контр-әріптестің атауы	Қызметке ақы төлеу	Мәміле түрі	Аффинирленген бағалы металл түрі	Мәміленің көлемі (бірлік)	Төлем валютасы	Біреуінің сатып алу бағасы	Мәміле сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Зейнетақы активтері бойынша барлығы									
1.1.										
...										
2	Инвестициялық қорлардың активтері бойынша барлығы									
2.1.										
...										
3	Басқа да клиенттер бойынша барлығы									
3.1.										
...										
4	Жиынтығы									



Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Орындаушы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме**

**Клиенттердің активтерін инвестициялау бойынша жасалған
мәмілелер туралы есеп**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Клиенттердің активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп» әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы ай сайын жасайды. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-кесте бойынша:

1) 6-бағанда мәміле түрі көрсетіледі (купонды сатып алу, сату, өтеу, дивидендтер төлеу, кері репо операциясы – ашу (жабу) және басқалары);

2) 7-бағанда сауда жүйесінде мәміле жасалған сауда-саттықты ұйымдастырушы не мәміле ұйымдастырылмаған нарықта жасалғаны көрсетіледі;

3) 8-бағанда эмитенттің атауы мен бағалы қағаздардың түрі көрсетіледі. Мәміле халықаралық нарықта жасалған жағдайда REUTERS жіктелуі бойынша сауда кодтары қолданылады;

4) 10 және 13-бағандарда валюта кодтары «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі;

5) 12-бағанда бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында номиналдық құны бойынша көрсетіледі;

6) 14-бағанда мәміленің теңгемен жүзеге асырылғанын растайтын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокер және (немесе) дилердің есебі, ақпарат аудару және төлем жүргізудің халықаралық банкаралық жүйесі (SWIFT) бойынша алынған растама) жазылған баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздардың бағасы жинақталған сыйақыны ескере отырып, үтірден кейінгі төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен номиналды құнға қатысты пайызбен көрсетіледі. Мәміле (борыштық бағалы қағаздармен мәмілелерді қоспағанда) бойынша есеп айырысу шетел валютасымен төленген жағдайда осы сома мәміле бойынша есеп айырысқан күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі;



7) 15 және 16-бағандарда Bloomberg не REUTER ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша номиналды құнының валютасында осы қаржы құралы айналыста болған халықаралық (шетелдік) қор биржаларында жасалған акцияларды (депозитарлық қолхаттарды) сатып алу (сату) мәмілелері бойынша бағалар көрсетіледі;

8) 18-бағанда бағалы қағаздар бойынша кірістілігі (облигациямен жасалған мәміле бойынша – иеліктен шығару не сатып алу нәтижесінде болған кірістілік, репо және «кері репо» операциялары бойынша – репо мәмілесін жасау нәтижесінде болған кірістілік) жылдық пайызбен көрсетіледі;

9) 19-бағанда мәмілені орындауға байланысты шығыстар шегерілген мәміле көлемі үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

10) 20, 21 және 22-бағандар халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілелер бойынша толтырылады.

6. 2-кесте бойынша:

1) 3-бағанда салым салынған жағдайда клиенттің банк шотынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі банк шотына ақша аударылған күні не мерзімінен бұрын қайтарып алу күні немесе шарт бұзылған жағдайда ақшаның клиенттің банк шотына қайтарылған күні көрсетіледі;

2) 5-бағанда салым бойынша операциялар (салымға ақша салу, салым бойынша сыйақы төлеу, салымды мерзімінен бұрын қайтарып алу немесе банктік салым шартының мерзімі аяқталғаннан соң салымды қайтару) көрсетіледі;

3) 11-бағанда есептелген сыйақы сомасы үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

7. 3-кесте бойынша:

1) 3-бағанда мәміле жасаған күн көрсетіледі (trade date);

2) 6-бағанда мәміле түрі (сатып алу, сату) көрсетіледі;

3) 7-бағанда металл шот түрлерін (аллокирленген металл шот және аллокирленбеген металл шот) көрсете отырып, аффинирленген бағалы металл түрлерінің атауы көрсетіледі;

4) 9-бағанда валюта кодтары «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі;

5) 11-бағанда сомасы үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен беріледі.



Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
16-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

**Меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер
туралы есеп**

Есепті кезең: 20 __ жылғы _____

Индекс: 15 – RCB_DEALINGS_SA

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: инвестициялық портфельді басқарушылар

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын



Нысан

(Ұйымның атауы)

1-кесте. Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар

(теңгемен)

№	Мәміле жасалған күн	Мәміле бойынша есеп айырысу күні	Брокер және (немесе) дилер атауы	Мәміле түрі	Нарығы	Бағалы қағаздың түрі және оның эмитентінің атауы	Сәйкестендіру нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы:

Номиналды құн валютасы	Бір бағалы қағаздың номиналды құны	Бағалы қағаздар саны	Төлем валютасы	Бір бағалы қағазды сатып алу (сату) бағасы	Мәміле жасаған күні бір бағалы қағаздың ең төмен бағасы	Мәміле жасаған күні бір бағалы қағаздың ең жоғары бағасы
9	10	11	12	13	14	15

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздар бойынша кірістілігі (пайызбен)	Мәміле көлемі	Контрәріптестің атауы	Контрәріптестің рейтингі	
			Мәміле жасаған күнге	Есепті күнге
16	17	18	19	20

2-кесте. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымдар

(теңгемен)

№	Ақша аударылған күні	Банктің атауы	Салым бойынша операциялар	Операция сомасы	Банктік салым шартын жасаған күні мен оның нөмірі	Салым мерзімі (күнмен)	Сыйақы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)	Салым валютасы	Салым сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

3-кесте. Меншікті активтер есебінен сатып алынған аффинирленген бағалы металдар

(теңгемен)

№	Мәміле жасалған күн	Контрәріптестің атауы	Қызметке ақы төлеу	Мәміле түрі	Аффинирленген бағалы металл түрі	Мәміленің көлемі (бірлік)	Төлем валютасы	Біреуінің сатып алу бағасы	Мәміле сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10



Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Орындаушы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Меншікті активтерді
инвестициялау жөнінде
жасалған мәмілелер
туралы есеп нысанына
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме**

**Меншікті активтерді инвестициялау жөнінде
жасалған мәмілелер туралы есеп**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Меншікті активтерді инвестициялау жөнінде жасалған мәмілелер туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы ай сайын жасайды. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген тұлғалар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-кесте бойынша:

1) 5-бағанда мәміле түрі (сатып алу, сату, өтеу, купонды өтеу, дивиденттерді төлеу, кері репо операциясы – ашу (жабу) және басқалар) көрсетіледі;

2) 6-бағанда сауда жүйесінде мәміле жасаған не мәмілені ұйымдастырылмаған нарықта жасаған сауда-саттық ұйымдастырушысы көрсетіледі;

3) 7-бағанда эмитенттің атауы және бағалы қағаздар түрі көрсетіледі. Мәміледе халықаралық нарықта жасалған жағдайда REUTERS жіктеуі бойынша сауда кодтары пайдаланылады;

4) 9 және 12-бағандарда валюталардың кодтары «Валюталар мен қорларды белгілейтін кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі;

5) 11-бағанда бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында номиналдық құны бойынша көрсетіледі;

6) 13-бағанда мәміленің теңгемен жүзеге асырылғанын растайтын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокердің және (немесе) дилердің есебі, ақпарат берудің және төлемдер жасаудың халықаралық банкаралық жүйесі (SWIFT) бойынша алынған растау) жазылған баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздардың бағасы жинақталған сыйақыны ескере отырып, үтірден кейінгі төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен номиналды құнға қатысты пайызбен көрсетіледі. Мәміле (борыштық бағалы қағаздармен мәмілелерді қоспағанда) бойынша есеп айырысу шетел валютасымен төленген жағдайда осы сома мәміле бойынша есеп айырысу күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі;



7) 14 және 15-бағандарда номиналды құнның валютасында Bloomberg не REUTERS ақпараттық-талдамалық жүйелердің деректері бойынша осы қаржы құралы айналатын халықаралық (шетелдік) қор биржаларында жасалған акцияларды (депозитарлық қолхаттарды) сатып алу (сату) жөнінде жасалатын мәмілелер бойынша бағалар көрсетіледі;

8) 16-бағанда жылдық пайызбен бағалы қағаздар бойынша кірістілік көрсетіледі (кірістілігі иелігінен алу не сатып алу нәтижесінде қалыптасқан облигациялармен жасалған мәмілелер бойынша; репо мәмілесін жасау нәтижесінде қалыптасқан репо және «кері репо» операциялары бойынша);

9) 17-бағанда мәміле жасауға байланысты шығыстар шегерілген мәміле көлемі үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

10) 18, 19 және 20-бағандар халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілелер бойынша толтырылады.

6. 2-кесте бойынша:

1) 2-бағанда салым енгізілген жағдайда клиенттің банк шотынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктегі банк шотына ақшаның аударылған күні көрсетіледі не мерзімінен бұрын қайтарылған немесе шарт бұзылған жағдайда – ақшаның клиент банк шотына қайтарылған күні көрсетіледі;

2) 4-бағанда салым бойынша операциялар көрсетіледі (ақшаны салымға енгізу, салым бойынша сыйақыны төлеу, салымды мерзімінен бұрын қайтару немесе банк салымы шартының мерзімі өткен соң салымды қайтару);

3) 10-бағанда есептелген сыйақы сомасы ескерілген үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

7. 3-кесте бойынша:

1) 2-бағанда мәмілені жасау күні көрсетіледі (trade date).

2) 5-бағанда мәміле түрі көрсетіледі (сатып алу, сату және өзгелер);

3) 6-бағанда металл шоттың түрі көрсетіп, аффинирленген бағалы металдар түрінің атаулары көрсетіледі (аллокирленген металл шот немесе аллокирленбеген металл шот);

4) 8-бағанда валюталардың кодтары «Валюталар мен қорларды белгілейтін кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі;

5) 10-бағанда сома үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

8. Мәліметтер болмаған жағдай Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



**Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
17-қосымша**

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

**Клиенттердің активтерін және меншікті активтерді туынды
қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған
мәмілелер туралы есеп**

Есепті кезең: 20 __ жылғы _____

Индекс: 16-RCB_PFI

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: инвестициялық портфельді басқарушылар

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын



(Ұйымның атауы)

№	Клиенттің атауы	Мәміле жасалған күн	Брокердің және (немесе) дилердің атауы	Туынды қаржы құралдарының есепке қойылу күні	Мәміле бойынша есеп айырысулар күні	Туынды қаржы құралының түрі	Сәйкестендіру нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Зейнетақы активтерінің барлығы						
1.1.							
...							
2	Инвестициялық қорлар активтерінің барлығы						
2.1.							
...							
3	Өзге активтердің барлығы						
3.1.							
...							
4.	Меншікті активтердің барлығы						
4.1.	x						
...	x						

кестенің жалғасы:

Нарық	Базалық актив және оның рейтингі	Контрагент және оның рейтингі	Мәміле шарттарының сипаттамасы				
			Мәміле түрі	Қаржы құралдарының саны, дана	Мәміле бағасы, теңге	Мәміле сомасы, мың теңге	Мәміле валютасы
9	10	11	12	13	14	15	16
...							

кестенің жалғасы:

Хеджирлеу объектісі	Инвестициялық шешімнің нөмірі мен күні	Мәміле жасау күнгі вариациялық маржа, теңге	Мәміле жасау күнгі бастапқы маржа, %	Саудасаттық режимі	Ескертпе
17	18	19	20	21	22



Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Орындаушы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



Клиенттердің активтерін және меншікті активтерді туынды қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Клиенттердің активтерін және меншікті активтерді туынды қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Клиенттердің активтерін және меншікті активтерді туынды қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы ай сайын жасайды. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 3-бағанда «кк.аа.жжжж» форматында мәміленің жасалған күні көрсетіледі.

6. 5-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылу күні «кк.аа.жжжж» форматында есепке қойылу күні көрсетіледі.

7. 6-бағанда «кк.аа.жжжж» форматында мәміле бойынша есеп айырысулар күні көрсетіледі.

8. 7-бағанда туынды қаржы құралының түрі көрсетіледі (опцион, фьючерс, форвард, своп және басқа туынды қаржы құралдары).

9. 8-бағанда егер туынды қаржы құралының базалық активі бағалы қағаз болған жағдайда, бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

10. 9-бағанда мәміле сауда жүйесінде жасалған сауда-саттықты ұйымдастырушының атауы және «қор биржасының атауы (елі)» форматында оның резиденттік елі не мәміле «ұйымдастырылмаған нарық» форматында қор биржасында жасалмағаны көрсетіледі.

11. 10-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздың және оның эмитентінің атауы, валютасы, сыйақы мөлшерлемесі, тауар және өзге базалық активтер) және «базалық актив(рейтинг) (рейтингілік агенттік)» форматында рейтингілік агенттік берген (бар болса) базалық активінің рейтингі көрсетіледі. Егер базалық активте рейтингтер болмаса, онда базалық актив көрсетіледі және «базалық актив(рейтингі жоқ)» форматында рейтингтің жоқтығы аталады.

12. 11-бағанда егер мәміле қор биржасында жасалмаған жағдайда, контрагент, оның резиденттік елі, сондай-ақ осы контрагентке «контрагент/ел/рейтинг (рейтингілік агенттік)»



форматында берілген рейтинг көрсетіледі. Контрагентте рейтинг болмаған жағдайда, «контрагент/ел/рейтингі жоқ» форматында көрсетіледі.

13. 12-бағанда мәміле түрі көрсетіледі (сатып алу, сату және өзгелер).

14. 17-бағанда егер мәміле хеджирлеу мақсатында жасалса, «иә/ хеджирлеу объектісінің деректемелері» деген форматта «иә» деген сөз және хеджирлеу объектісінің деректемелері (бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі, саны, құны, мөлшері, валютасы) көрсетіледі. Егер мәміле хеджирлеу мақсатында жасалмаса «жоқ» деген сөз көрсетіледі.

15. 18-бағанда инвестициялық комитеттің мәміле жасалғаны туралы инвестициялық шешімді қабылдау нөмірі мен күні көрсетіледі.

16. 19-бағанда бар болса биржамен есептейтін және мерзімді келісім-шарттың белгіленген бағасының өзгеруін ескеретін сауда-саттық қатысушысының міндеттемелері өзгеруінің ақшалай көрінісі – вариациялық маржа көрсетіледі.

17. 20-бағанда бар болса биржамен айқындалатын, клиент әрбір ашық позиция үшін енгізуі тиіс базалық активтің жиынтық нарықтың құнының үлесі – бастапқы маржа көрсетіледі.

18. 21-бағанда T+0 немесе T+n форматында сауда-саттық режимі көрсетіледі не биржа ережелерімен көзделген сауда-саттықтың басқа режимі сипатталады.

19. 22-бағанда мәміле тараптарында талаптар мен міндеттемелердің туындау жағдайлары көрсетіледі.

20. Мәміле тараптары бір уақытта екі операцияны (ашу және жабу) жасасуды көздейтін мәмілелерді жасасқан кезде Есепте әрбір операция жөніндегі ақпарат көрсетіледі.

21. Мәліметтер болмаған жағдай Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
18-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

**Клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау
бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп**

Есепті кезең: 20 __ жылғы _____

Индекс: 17-RCB_AFL

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: инвестициялық портфельді басқарушылар

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын



Нысан

(Ұйымның атауы)

(теңгемен)

№	Активтердің түрі / клиенттің атауы	Клиенттің үлестес болуының белгісі	Мәміле жасалған күн	На-рық	Мәміле түрі	Мәміле бойынша контрәріптестің атауы	Контрәріптестің үлестес болуының белгісі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Зейнетақы активтерінің барлығы						
1.1.							
...							
2	Инвестициялық қорлар активтерінің барлығы						
2.1.							
...							
3	Өзге активтердің барлығы						
3.1.							
...							
4.	Меншікті активтердің барлығы						
4.1.	x						
...	x						

кестенің жалғасы:

Қаржы құралының өлшемдері							
Қаржы құралының түрі	Қаржы құралын шығарған (ұсынған) эмитенттің атауы	Сәйкестендіру нөмірі	Біреуінің бағасы	Мәміле көлемі (дана)	Мәміле сомасы (теңгеде)	Банк салымы шартының аяқталу күні	Ескерту
9	10	11	12	13	14	15	16
...							

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Орындаушы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



Клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы ай сайын жасайды. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан инвестициялық қорлардың активтеріне, зейнетақы және меншікті активтерге қатысты толтырылады.

6. 3-бағанда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 64-бабына сәйкес клиент инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес тұлға болып танылатын сәйкес белгі көрсетіледі.

7. 4-бағанда «кк.аа.жжжж» форматында мәміленің жасалған күні көрсетіледі.

8. 5-бағанда мәміле сауда жүйесінде жасалған шетелдік қор биржасының атауы және «ұйымдастырылмаған нарық/шетелдік қор биржасының атауы/оның резиденттік елі» не мәміле «ұйымдастырылмаған нарық» форматында шетелдік қор биржасында жасалмағаны көрсетіледі.

9. 6-бағанда мәміленің түрі көрсетіледі (сатып алу, сату, «репо» ашылу және жабылу операциясы, банктік салым шартын жасасу және өзге мәмілелер). «репо» операциялары бойынша сонымен қатар «репо» операцияларының түрі көрсетіледі: тікелей немесе кері «репо». Қор биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша 16-бағанда мәмілені жасау әдісі көрсетіледі.

10. 7-бағанда бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым брокер ретінде болған (брокер мүддесінде әрекет еткен тұлғаны көрсетіп) жағдайда, «В» символы қолданылады және бағалы қағаздар нарығында брокерлік



және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым дилер ретінде болған жағдайда «D» символы қолданылады. Банк салымы шарты жасалған жағдайда, банк шоты ашылған банктің атауы көрсетіледі.

11. 8-бағанда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 64-бабына сәйкес контрсеріктес клиенттердің активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ұйымға қатысты үлестес тұлға болып танылатын сәйкес белгі көрсетіледі.

12. 10, 11 және 12-бағандар сатып алу, сату, өтеу, «кері репо» операциясы» – ашылуы (жабылуы) бойынша мәмілелер үшін толтырылады.

13. 14-бағанда мәміле жасауға байланысты шығыстар ескерілмеген (сатып алу, сату, өтеу, «кері репо» операциясы» – ашылуы (жабылуы) және өзге), жинақталған сыйақы ескерілген сома үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

14. 15-бағанда «кк.аа.жжжж» форматында банк салымы шартының аяқталу күні көрсетіледі.

15. Мәліметтер болмаған жағдай Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
19-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

**Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар
нарығында қаржы құралдарымен жасалған (тіркелген) мәмілелер
(операциялар) туралы есеп**

Есепті кезең: 20 __ жылғы _____

Индекс: 18 – RCB_FI_NEORG

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын



Нысан

(Ұйымның атауы)

№	Мәміле жасалған (операция жүргізілген) күні	Қаржы құралының түрі	Сәйкестендіру нөмірі	Эмитенттің атауы	Қаржы құралдарының саны
1	2	3	4	5	6
Жиынтығы					

кестенің жалғасы:

Бір қаржы құралының бағасы	Мәміленің көлемі теңге	Сатып алушы	ЖСН/ БСН (бар болған кезде)	Сатушы	ЖСН/БСН (ол бар болса)
7	8	9	10	11	12
...					

кестенің жалғасы:

Мәмілеге (операцияға) кім ретінде қатысты				Орналас-тыру	Клиенттік тапсырысты (бұйрықты) тіркеу нөмірі, күні және уақыты	Ескерту
Андер-райтер	Брокер	Дилер	Номиналды ұстаушы			
13	14	15	16	17	18	19

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

_____ қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

_____ қолы

Орындаушы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

_____ қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен жасалған (тіркелген) мәмілелер (операциялар) туралы есеп

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен жасалған (тіркелген) мәмілелер (операциялар) туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен жасалған (тіркелген) мәмілелер (операциялар) туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы ай сайын жасайды. Нысандағы деректер теңгемен толтырылады.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда мәміленің (егер мәміле брокердің қатысуынсыз жасалған жағдайда номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде операция жүргізу) жасалған күні «кк.аа.жжжж» форматында көрсетіледі.

6. 5-бағанда мәміленің (операцияның) мәні болып табылатын қаржы құралы эмитенттің атауы көрсетіледі.

7. 6-бағанда мәміле (операция) мәні болып табылатын қаржы құралдардың саны көрсетіледі. Брокер және (немесе) дилер екі тараптан (бір мезгілде сатушы және сатып алушы ретінде) мәмілеге (операцияға) қатысқан жағдайда, көрсетілген мәміле (операция) Нысанда бір мәміле (операция) түрінде көрінеді.

8. 7-бағанда бір қаржы құралының бағасы үтірден кейін төрт таңбаға дейін (теңгемен) көрсетіледі. Шетел валютасында мәміле жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мәмілені жасаған күні белгілеген ресми бағамы бойынша теңгемен бағасы көрсетіледі. Мәміле бойынша есептесу мәміле жасалған күнде жүзеге асырылмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептесуді жүзеге асырған күні белгілеген ресми бағамы бойынша теңгемен мәміленің бағасы көрсетіледі.

9. 8-бағанда мәміленің көлемі үтірден кейін екі таңбаға дейін (теңгемен) көрсетіледі.

10. 9 және 11-бағандарда жасалған мәміле тараптарының атауы немесе операция тіркелген жеке шоттар бойынша адамдардың тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) көрсетіледі.



Брокер және (немесе) дилер өз есебінен және өз мүддесінде мәмілелер жасаған жағдайда, тиісті бағандарда аталған брокердің және (немесе) дилердің атауы көрсетіледі.

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары, зейнетақы активтер есебінен мәмілелерді жасаған кезде 9 және 10-бағандар толтырмайды.

11. 13-бағанда егер Ұйым осы эмитенттің бағалы қағаздары бойынша андеррайтері болған жағдайда «А» белгісі пайдаланылады.

12. 14-бағанда егер Ұйым брокер ретінде болған жағдайда «В» белгісі пайдаланылады.

13. 15-бағанда егер Ұйым дилер ретінде болған жағдайда «D» белгісі пайдаланылады.

14. 16-бағанда егер Ұйым номиналды ұстаушы ретінде болып табылған жағдайда «ND» белгісі пайдаланылады.

15. 17-бағанда мынадай символдар пайдаланылады:

«1» – бағалы қағаздардың бастапқы орналастыру;

«2» – бағалы қағаздардың қайталама айналысқа жіберу.

16. 18-бағанда брокер және (немесе) дилер дилерлік қызметінің шеңберінде мәміле жасаған кезде, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры мәміле жасаған жағдайда инвестициялық комитеттің мәміле жасалғаны жөніндегі қабылдаған инвестициялық шешімінің нөмірі және күні көрсетіледі.

Номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде операцияны тіркеген жағдайда 16-бағанда бұйрықты тіркеген нөмірі, күні және уақыты көрсетіледі.

Нысанда көрсетілген қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер (операциялар) халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы есепте көрсетілмейді.

Нысанда Ұйым брокер және (немесе) дилер ретінде болып табылған ұйымдастырылмаған нарықта Ұйым қаржы құралдарымен жасаған мәмілелер (операциялар), сондай-ақ Ұйым номиналды ұстаушы ретінде болған операциялар көрсетіледі. Ұйымның номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде операцияларды тіркеген кезде Нысанда меншік құқығын бағалы қағаздарға ауыстыруына (бағалы қағаздарды өтеу және айырбастауды қоспағанда) әкеп соққан операциялар көрсетіледі.

17. Мәліметтер болмаған жағдай нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
20-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

**Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік
және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие
ұйым туралы мәліметтер**

Есепті кезең: 20 __ жылғы _____

Индекс: 19 – RCB_SVED_BD

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынады: брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын



Нысан

(Ұйымның атауы)

р/с №	Көрсеткіштің атауы	Мәлі- меттер
1	Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға қатысушы қызметкерлер (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, атқаратын лауазымы, жұмысқа қабылданған күні) туралы мәліметтер	
2	Ұйымның меншікті активтеріне қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдауды жүзеге асыратын инвестициялық комитеттің құрамы (тегі, аты, бар болса әкесінің аты, атқаратын лауазымы, қызметкер инвестициялық комитетінің құрамына енгізілген күннен бастап инвестициялық комитетінің құрамына сайлау туралы шешімнің күні және нөмірі) туралы мәліметтер	
3	Басқарма құрамы (тегі, аты, бар болса әкесінің аты, лауазымы, басқарма құрамына сайлау туралы шешімнің күні мен нөмірі, басқарма құрамына қосу күні) туралы мәліметтер	
4	Директорлар кеңесінің құрамы (тегі, аты, бар болса әкесінің аты, лауазымы, директорлар кеңесінің құрамына сайлау туралы шешімнің күні мен нөмірі, директорлар кеңесінің құрамына қосу күні) туралы мәліметтер	
5	<p>Ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесімен он және одан астам пайыздарын) он және одан астам пайыздарын иеленетін тұлғалар туралы мәліметтер:</p> <p>1) резиденттер: заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның атауы; заңды тұлғаның мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы мәліметтер; бизнес – сәйкестендіру нөмірі; заңды тұлғаға тиесілі акциялардың саны ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына немесе ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне (пайызбен) арақатынасы; жеке тұлға үшін: тегі, аты, бар болса әкесінің аты; туған күні; жеке тұлғаға тиесілі акциялардың саны ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына немесе ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне (пайызбен) арақатынасы;</p> <p>2) бейрезиденттер: заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның тіркелген және орналасқан орны (егер заңды тұлға оффшорлық аймақтың аумағында тіркелген жағдайда, онда Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктік және сақтандыру қызметінің, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары қызметінің және бағалы қағаздар рыногында лицензияланатын басқа да қызмет түрлерінің, жинақтаушы зейнетақы қорлары мен акционерлік инвестициялық қорлар қызметінің мақсаттары үшін оффшорлық аймақтардың тізбесін бекіту туралы» 2008 жылғы 2 қазандағы №145 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5371 тіркелген) бекітілген оффшорлық аймақтардың тізбесіне сәйкес осы оффшорлық аймақ көрсетіледі);</p>	



5	заңды тұлғаға тиесілі акциялардың саны ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына немесе ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне (пайызбен) арақатынасы; жеке тұлға үшін: тегі, аты, бар болса әкесінің аты; азаматтығы; заңды мекен-жайы және тұрғылықты жері; жеке тұлғаға тиесілі акциялардың саны ұйымның орналастырылған акцияларының жалпы санына немесе ұйымның жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне (пайызбен) арақатынасы	
6	Брокерлік қызметті көрсету шеңберінде клиенттермен жасалған шарттардың саны туралы мәліметтер: номиналды ұстау қызметін көздемейтін брокерлік қызмет көрсету туралы шарттардың саны; номиналды ұстау қызметін көздейтін брокерлік қызмет көрсету туралы шарттардың саны;	
7	Ұйыммен өзіне бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет жөніндегі қызметті көрсетуге шарттар жасалған бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының атауы: шарттың жасалған күні; жасалған шарт шеңберінде ұйым ұсынатын қызметтердің (қызметтің) түрі	

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы

Орындаушы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Қазақстан Республикасының бағалы
қағаздар нарығында брокерлік және (немесе)
дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына
ие ұйым туралы мәліметтер нысанына
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме**

**Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік
және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие
ұйым туралы мәліметтер**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие ұйым туралы мәліметтер» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асырушы ұйым ай сайын жасайды.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2, 3 және 4-жолды бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие екінші деңгейдегі банк және Ұлттық почта операторы толтырмайды.

6. 5-жолды бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие екінші деңгейдегі банк толтырмайды.

7. 6-жолды бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры толтырмайды.

8. Мәліметтер болмаған жағдай Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
21-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

**Бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында қаржы
құралдарымен жасалған мәмілелер туралы есеп**

Есепті кезең: 20 __ жылғы _____

Индекс: 20 – RCB_ DEALINGS _MR

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын



Нысан

(Ұйымның атауы)

№	Мәміленің жасалған күні мен уақыты	Мәміле бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру күні	Клиенттік тапсырыстың тіркелген нөмірі, күні және уақыты	Мәміленің түрі	Нарық	Брокердің атауы және оның резиденттік елі	Кастодиан-банкнің атауы
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиынтығы							

кестенің жалғасы:

Шетелдік номиналды ұстаушының атауы	Халықаралық (шетелдік) есеп айырысу депозитарлық жүйесі	Қаржы құралының сәйкестендіру нөмірі	Қаржы құралының түрі	Рейтинг	Эмитенттің атауы және оның резиденттік елі	Заңнамасына сәйкес қаржы құралдардың шығарылымы тіркелген ел	Қаржы құралдарының саны
9	10	11	12	13	14	15	16
...							

кестенің жалғасы:

Номиналды құнының валютасы/Төлем валютасы	Мәмілеге кім ретінде қатысты	Клиент және оның резиденттік елі	Бір қаржы құралының бағасы		Мәміленің көлемі		Ескертпе
			шетел валютасымен	теңгемен	шетел валютасымен	теңгемен	
17	18	19	20	21	22	23	24
...							

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Орындаушы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Бағалы қағаздардың
халықаралық (шетелдік) нарықтарында
қаржы құралдарымен жасалған
мәмілелер туралы есеп нысанына
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме**

**Бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында қаржы
құралдарымен жасалған мәмілелер туралы есеп**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды брокер және (немесе) дилер ай сайын жасайды.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда «уақыты: минуттар күні.айы.жылы» форматында Астана қаласының уақыты бойынша мәмілені жасау күні мен уақыты көрсетіледі.

Мәміленің жүзеге асырылғанын растайтын бастапқы құжатта (брокердің есебі, ақпарат берудің және төлемдер жасаудың халықаралық банкаралық жүйесі (SWIFT) бойынша алынған растау) мәміле жасау уақыты болмаған жағдайда осы бағанда оның күні көрсетіледі.

6. 4-баған бойынша брокер және (немесе) дилер дилерлік қызметінің шеңберінде мәміле жасаған жағдайда, сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры (зейнетақы активтерінің есебінен) немесе бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие инвестициялық портфельді басқарушы (клиенттердің активтері есебінен) мәміле жасаған жағдайда инвестициялық комитеттің мәміле жасалғаны жөніндегі қабылдаған инвестициялық шешімінің нөмірі және күні көрсетіледі.

7. 5-бағанда мәміле түрі көрсетіледі (сатып алу, сату, репо).

8. 6-бағанда сауда жүйесінде мәміле жасалған шетелдік қор биржасының атауы және «ұйымдастырылмаған нарық/шетелдік қор биржасының атауы/оның резиденттік елі» форматында оның резиденттік елі не мәміле «ұйымдастырылмаған нарық» форматында шетелдік қор биржасында жасалмағаны көрсетіледі.

9. 7-бағанда клиенттік тапсырысты орындаған брокердің атауы көрсетіледі. Егер мәмілені бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымның тапсырмасы бойынша жасасқан басқа брокер (оның ішінде шетел брокері)



мәмілені орындаған жағдайда, онда осы брокер және «брокердің атауы/елі» форматында оның резиденттік елі көрсетіледі.

10. 10-бағанда қаржы құралдармен мәмілелер бойынша есеп айрысуды жүзеге асырған халықаралық (шетелдік) есептік-депозитарлық жүйесінің атауы көрсетіледі.

11. 13-бағанда Борыштық бағалы қағазға берілген/үлестік бағалы қағаздың рейтингі немесе үлестік бағалы қағаз эмитентінің рейтингі көрсетіледі (үлестік бағалы қағазда рейтинг болмаған жағдайда, үлестік бағалы қағаз эмитентінің рейтингі көрсетіледі). Егер борыштық бағалы қағазға/үлестік бағалы қағазға (үлестік бағалы қағаздың эмитентіне) бірнеше рейтингтік агенттіктер рейтинг берген жағдайда, онда барлық берілген рейтингтер көрсетіледі. Рейтингтер «рейтинг (рейтингілік агенттік)» форматында көрсетіледі. Егер борыштық бағалы қағазда/үлестік бағалы қағазда (үлестік бағалы қағаздың эмитентінде) рейтинг болмаса, онда «жок» деген сөз қолданылады.

12. 14-бағанда «эмитенттің атауы/елі» форматында қаржы құралы эмитентінің (қаржы құралының базалық активінің) атауы және оның резиденттік елі көрсетіледі.

13. 16-бағанда бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі. борыштық қаржы құралдары шығарылым валютасында номиналдық құны бойынша көрсетіледі.

14. 17-бағанда «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» ҚР ҰЖ 07 ISO 4217-2012 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеушісіне сәйкес валюталардың кодтары көрсетіледі. Бағалы қағаздардың номиналды құнының валютасы және осы бағалы қағаздар бойынша төлем валютасы «Номиналды құнының валютасы/Төлем валютасы» форматында көрсетіледі.

15. 18-бағанда егер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым брокер ретінде болса, «В» белгісі, егер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым дилер ретінде болса, «D» белгісі көрсетіледі.

16. Егер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым брокер ретінде болса, «Клиенттің/елдің аты-жөні не атауы» форматында 19-баған толтырылады және мәміле олардың есебінен және мүддесі бойынша аталған брокер клиенттің тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) немесе атауы және оның резиденттік елі көрсетіледі:

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушылар зейнетақы активтері есебінен мәмілелерді жасағанда, осы бағанды толтырмайды.

17. 20, 21, 22, 23-бағандарда жинақталған сыйақыны ескеріп, мәміле жасалғанын растайтын бастапқы құжатта (брокердің есебі, ақпаратты аударудың және төлемдерді жүргізудің халықаралық банкаралық жүйесі бойынша алынғанын растау (SWIFT), қор биржасының құжаты) көрсетілген баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі, мәмілелердің көлемі үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Борыштық қаржы құралының бағасы 20 немесе 21-бағандарда жинақталған сыйақыны ескере отырып, үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен номиналдық құны бойынша пайызбен (қаржы құралын шығару валютасына байланысты) көрсетіледі.

Қаржы құралдарымен жасалған мәміле бойынша шетелдік валютада ақы төленген жағдайда 20, 21, 22, 23-бағандар толтырылады. Сатып алынған қаржы құралына шетелдік валютада ақы төленген жағдайда осы сома мәмілені жасау күніне қалыптасқан валюта айырбасының нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі. Сатып алынған бағалы қағазға шетелдік валютада ақы төленген жағдайда 21 және 23-бағандар толтырылады.

18. Нысанда көрсетілген қаржы құралдарымен мәмілелер Қазақстан Республикасының ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдармен жасалған (тіркелген) мәмілелер (операциялар) туралы есепте көрсетілмейді.

19. Мәліметтер болмаған жағдай Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
22-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп

Есепті кезең: 20 __ жылғы _____ үшін

Индекс: 21 – RCB_PFI

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынады: брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын



Нысан

(Ұйымның атауы)

№	Мәмілені жасау күні мен уақыты	Қаржы құралдарын брокерге және (немесе) дилерге есепке қою күні	Мәміле бойынша есеп айырысу күні	Туынды қаржы құралының түрі	Сәйкестендіру нөмірі	Нарық	Базалық актив және оның рейтингі	Орталық контрагент
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы:

Контрагент және оның рейтингі	Шартты мәміленің сипаты					Хеджирлеу объектісі
	Мәміле түрі	Қаржы құралдарының саны	Мәміле бағасы	Мәміле көлемі	Мәміле валютасы	
10	11	12	13	14	15	16

кестенің жалғасы:

Мәміледе кім ретінде қатысты	Клиенттік тапсырыстың нөмірі, тіркелген күні және уақыты	Клиент және оның резиденттік елі	Мәмілені жасаған күнгі вариациялық маржа, теңгемен	Мәмілені жасаған күнгі бастапқы маржа, %	Саудасаттық режимі	Мәміле бойынша міндеттеме жай-күйі	Ескертпе
17	18	19	20	21	22	23	24

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Орындаушы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асырушы ұйым тоқсан сайын жасайды. Нысан бойынша деректер теңгемен ұсынылады.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2, 3 және 4 бағандарды толтыру кезінде мәміле жасалған күн, ішкі есептілік жүйесіндегі брокерде/дилерде қаржы құралдарының есепке алыну күні, сондай-ақ мәміле бойынша есеп айырысу күні «кк.аа.жжжж» форматында көрсетіледі. Мәміле жасалған күн «сағат/минут/секунд» форматында көрсетіледі (ұйымдасқан нарықта жасалған мәміле үшін).

6. 3-бағанда бухгалтерлік есептегі бастапқы тану күні көрсетіледі.

7. 5-бағанда туынды қаржы құралының түрі көрсетіледі (опцион, фьючерс, форвард, своп және басқа туынды қаржы құралдары).

8. 6-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі бағалы қағаз болып табылған жағдайда толтырылады.

9. 7-бағанда сауда жүйесінде мәміле жасалған биржаның атауы және резиденттігі бар елдің «биржаның/елдің атауы» форматындағы не мәміленің биржада емес «ұйымдаспаған нарық» форматында жасалғандығы көрсетіледі.

10. 8-бағанда туынды қаржы құралының базалық активі (бағалы қағаздың және оның эмитентінің атауы, валюта, пайыздық ставка, тауар және өзге де базалық активтер) және «базалық актив/рейтинг (рейтинг агенттігі)» форматында рейтинг агенттігі (бар болса) берген базалық актив рейтингі көрсетіледі. Базалық активте рейтинг болмаған жағдайда, онда базалық актив және «базалық актив/рейтинг жоқ» форматында рейтинг жоқ екендігі көрсетіледі.

11. 9-бағанда, орталық контрагенттің қатысуымен мәміле биржада жасалған жағдайда «иә» деген сөз көрсетіледі. Мәміле биржада орталық контрагенттің қатысуынсыз жасалған жағдайда «жоқ» деген сөз көрсетіледі.

12. 10-бағанда егер мәміле биржада жасалмаған жағдайда контрагент, оның резиденттік елі, сондай-ақ осы контрагентке «контрагент/ел/рейтинг (рейтинг агенттігі)» форматында берілген рейтинг көрсетіледі. Контрагентте рейтинг болмаған жағдайда «контрагент/ел/рейтинг жоқ» деген форматтағы ақпарат көрсетіледі.



13. 16-бағанды толтыру кезінде, егер мәміле хеджирлеу мақсатында жасалған болса, «иә» деген сөз көрсетіледі және хеджирлеу объектісінің деректемелері (бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі, саны, құны, көлемі, валютасы) «иә/ хеджирлеу объектісінің деректемелері» форматында көрсетіледі. Егер мәміле хеджирлеу мақсаты үшін жасалмаса, «жоқ» деген сөз көрсетіледі.

14. 17-бағанда бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым брокер ретінде қатысқан жағдайда, «В» символы көрсетіледі, егер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым дилер ретінде қатысқан жағдайда, «D» символы көрсетіледі.

15. 18-бағанды толтыру кезінде бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйыммен дилерлік қызмет аясында мәміле жасаған жағдайда, сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен мәміле жасаған жағдайда (зейнетақы активтері есебінен) немесе бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар инвестициялық портфельді басқарушымен мәміле жасаған жағдайда инвестициялық комитеттің мәміле жасалғандығы туралы қабылдаған инвестициялық шешімінің нөмірі және күні көрсетіледі.

16. 19-бағанда бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым брокер ретінде қатысқан жағдайда, ақпарат «Клиенттің/елдің аты-жөні не атауы» форматында көрсетіледі және мәміле олардың есебінен және мүддесі үшін жасалған брокер клиентінің атауы және оның резиденттік елі көрсетіледі:

Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары зейнетақы активтері есебінен мәмілелер жасау кезінде осы бағанды толтырмайды.

17. 20-бағанда биржа есептейтін сауда-саттыққа қатысушының міндеттемелерінің өзгеруі кезіндегі ақша белгісін және мерзімді келісім-шарттың баға белгілеуінің өзгеруін ескеретін – вариациялық маржа көрсетіледі.

18. 21-бағанда биржа анықтайтын базалық активтің сомалық нарықтық құнының үлесін клиент әрбір ашық позиция үшін енгізетін бастапқы маржа көрсетіледі.

19. 22-бағанда сауда-саттық режимі T+0 немесе T+n к форматында көрсетіледі, не биржаның қағидаларымен көзделген сауда-саттықтың басқа режимі сипатталады.

20. 23-бағанда мәміле бойынша мынадай жай-күйлердің бірі көрсетіледі:

1) міндеттемелер мәмілелерді мәміле талаптарының бұзылуы немесе тараптардың бірінің дәрменсіздігіне байланысты оқиғалардың тууы салдарынан мерзімінен бұрын тоқтатуды қоспағанда, тиісінше тоқтатылған немесе мерзімінен бұрын тоқтатылған;

2) міндеттемелерді орындау мерзімі кейінге қалдырылған;

3) көзделген негіздемелер бойынша міндеттемелерді орындау уақытша тоқтатылған;

4) міндеттемелер тараптың мәміле талаптарын бұзуына байланысты немесе тараптардың бірінің дәрменсіздігіне байланысты оқиғалардан соң тоқтатылған;

5) көзделген жағдайлардың немесе оқиғалардың туындауы нәтижесінде мәмілені орындау мерзімін ұзарту.

21. 24-бағанда мәмілені жасау орны көрсетіледі.

22. Нысанға депозитарлық қолхаттармен жасалған мәмілелер енгізілмейді.

23. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
23-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп

Есепті кезең: 20 __ жылғы _____ үшін

Индекс: 22 – RCB_AFL

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынады: брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын



Нысан

(Ұйымның атауы)

№	Ұйым мәмілеге кім ретінде қатысты	Клиенттің атауы	Клиенттің үлестестік белгісі	Мәмілені жасау күні	Нарық	Мәміле түрі	Мәміле бойынша контрәріптестің атауы	Контрәріптестің үлестестік белгісі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы:

Қаржы құралының параметрлері							Ескертпе
Қаржы құралының түрі	Қаржы құралын шығарған (ұсынған) эмитенттің атауы	Сәйкестендіру нөмірі	Біреуінің бағасы	Мәміленің көлемі, дана	Мәміленің сомасы, теңгемен	Банктік салым шартының аяқталу күні	
10	11	12	13	14	15	16	17

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

_____ қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

_____ қолы

Орындаушы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

_____ қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды толтыру бойынша түсіндірме

Үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асырушы ұйым тоқсан сайын жасайды. Нысандағы деректер теңгемен ұсынылады.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанды толтыру кезінде осы Нысанды толтырып отырған брокер және (немесе) дилер оның контрәріптесі болып табылатын оның үлестес тұлғаларымен меншікті активтер және клиенттер активтер есебінен жасалған мәмілелерді көрсетеді. Осы Нысанды толтырып отырған брокер және (немесе) дилер клиенттер активтері есебінен мәмілелер жасаған кезде Нысанда оның контрәріптесі болып табылатын осы ұйымның үлестес тұлғасымен жасалған мәмілелер Нысанды толтырып отырған брокердің және (немесе) дилердің клиенттері оның үлестес тұлғасы болып табылу, табылмауына қарамай көрсетіледі.

6. 2-бағанда егер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым брокер ретінде қатысқан (брокер соның мүддесі үшін қатысқан тұлғаны көрсете отырып) жағдайда, «B» символы қолданылады, егер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым дилер ретінде қатысқан жағдайда «D» символы қолданылады.

7. 4-бағанда клиенттің бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымға, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 64-бабына сәйкес үлестес тұлға болып танылатын белгісі көрсетіледі. Егер клиент Ұйымға қатысты үлестес тұлға болып танылмаған жағдайда «жоқ» деген сөз көрсетіледі.

8. 5-бағанда «кк.аа.жжжж» форматында мәмілені жасау күні көрсетіледі.

9. 6-бағанда сауда жүйесінде мәміле жасалған биржаның атауы және резиденттігі бар елдің «биржаның/елдің атауы» форматындағы не мәміленің биржада емес «ұйымдаспаған нарық» форматында, не «халықаралық нарықта» жасалғандығы көрсетіледі.

10. 7-бағанда мәміле түрі (сатып алу, сату, «репо»-ны ашу және жабу операциялары, банктік салым шартын жасау және өзге де мәмілелер) көрсетіледі. «Репо» операциялары бойынша сол



сияқты «репо» операцияларының мынадай түрлері көрсетіледі: тікелей немесе кері «репо». Қор биржасының сауда жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша «Ескерту» бағанында мәміле жасаудың әдісі көрсетіледі.

11. 8-бағанды толтыру кезінде контрәріптес бойынша мыналар түсініледі:

Мәміле жасау кезінде, Нысанды толтырып отырған бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым бір мезгілде екі жақтан қатысады – бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар осы ұйымның клиенті, осы ұйымға қатысты үлестес тұлға болып табылатын, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым. Бұл жағдайда егер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым брокер ретінде қатысса (брокер оның мүддесі үшін қатысқан клиентті көрсетіп), «В/клиенттің атауы немесе тегі, аты (бар болса – әкесінің аты)» форматында «В» символы көрсетіледі;

Нысанды толтырып отырған бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымға қатысы бойынша үлестес тұлға болып табылған басқа брокер және (немесе) дилер. Бұл жағдайда осы брокердің атауы көрсетіледі;

бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымға қатысы бар, осы есепті толтырып отырған үлестес тұлға болып табылатын басқа брокердің және (немесе) дилердің клиенті. Басқа брокер және (немесе) дилердің клиентінің егер атауы немесе тегі, аты (бар болса – әкесінің аты) белгілі болған жағдайда, «үлестес тұлғаның атауы немесе тегі, аты (бар болса – әкесінің аты)/ басқа брокердің және (немесе) дилердің атауы» форматында басқа брокер және (немесе) дилердің клиенті болып табылатын үлестес тұлғаның атауы немесе тегі, аты (бар болса – әкесінің аты) көрсетіледі. Үлестес тұлғаның атауы курсивпен бөліп көрсетіледі;

клиент брокері және (немесе) дилерімен немесе басқа брокер және (немесе) дилермен банктік салым шартын жасаған жағдайда банктік шот ашылған банктің атауы көрсетіледі.

12. 9-бағанда көрсетілген белгіге сәйкес контрәріптес бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымға «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 64-бабына сәйкес үлестес тұлғаға қатысы бар болып танылады.

13. 15-бағанда мәмілелерді орындауға байланысты шығыстарды (сатып алу, сату, кері «репо» операциясы – ашу/жабу және басқа) ескермей, жинақталған сыйақыны (банктік салым ашу) ескере отырып, сома үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

14. 16-бағанда банктік салым шартының аяқталу күні «кк.аа.жжжж» форматында көрсетіледі.

15. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
24-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Брокердің шоттарындағы ақша қалдығы туралы есеп

Есепті кезең: 20 __ жылғы «__» _____

Индекс: 23 – RCB_ ОСТАТОК _ДС

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын



Нысан

(Ұйымның атауы)

Күні	Меншікті ақша қалдығы	Клиенттер шоттарындағы ақша қалдығы
1	2	3
кк.аа.жжжж		
...		
кк.аа.жжжж		

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ қолы
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ қолы
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Орындаушы

_____ қолы
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме**

Брокердің шоттарындағы ақша қалдығы туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Брокердің шоттарындағы ақша қалдығы туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асырушы ұйым ай сайын жасайды. Нысандағы деректер теңгеде ұсынылады.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі есепті күнге белгілеген ресми бағамы бойынша теңгеде толтырылады.

6. Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер 2-бағанды толтырмайды.

7. 3-бағанды толтыру кезінде клиенттің тапсыруы, оның есебінен және оның мүддесі бойынша эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасау үшін ашылған клиенттердің банктік шоттарындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



**Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
25-қосымша**

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы есеп

Есепті кезең: 20 __ жылғы «__» _____

Индекс: 24 – RCB_ҚЫЗМЕТ

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынады: брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын



(Ұйымның атауы)

р/с №	Қаржы құралының сәйкестендіру нөмірі	Қаржы құралының атауы	Эмитенттің атауы	Шарт жасау күні	Қызмет көрсету басталған күн	Қызмет түрі
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
n						
Жиынтығы						

Кестенің жалғасы:

Міндетті баға белгілеудің барынша төмен көлемі	Спрэд	Баға белгілеу жарияланатын саудасаттық шотының нөмірі	Шартқа сәйкес бағалы қағаздарды орналастырудың тәсілі	Ескертпе
8	9	10	11	12
...				

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Орындаушы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Брокердің және (немесе)
дилердің қызмет көрсетуі
туралы есеп нысанына
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме**

Брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.
2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленген.
3. Нысанды брокер және (немесе) дилер тоқсан сайын жасайды.
4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанды номиналды ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығы бар брокер және (немесе) дилер қызмет көрсету аясында толтырады.
6. 4-бағанда қаржы құралы эмитентінің атауы көрсетіледі.
7. 5 және 6-бағандар «кк.аа.жжжжж» форматында толтырылады.
8. 7-бағанда көрсетілетін қызметтердің түрлері: эмиссиялық, маркет-мейкерлік бағалы қағаздарды шығару және (немесе) орналастыру, бағалы қағаздар нарығындағы қызметпен байланысты, облигацияларды ұстаушылар өкілінің, исламдық бағалы қағаздарды ұстаушылар өкілінің және басқаларының мәселелері бойынша консультациялар көрсетіледі.
9. 8, 9, 10-бағандар 4-жолды толтырғаннан кейін толырылады.
10. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
26-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан
Номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп

Есепті кезең: 20 __ жылғы «__» _____

Индекс: 25 – RCB_NOM_DER

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынады: брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын



Нысан

(Ұйымның атауы)

№	Сәйкестендіру нөмірі	Эмитенттің атауы	Брокердің клиенттерінің шоттарында есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша (дана) бар бағалы қағаздар саны және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны			
			барлығы		Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері (меншік иелері)	
			бағалы қағаздар (дана)	бағалы қағаздар ұстаушылары	Бағалы қағаздар (дана)	Бағалы қағаздар ұстаушылары
1	2	3	4	5	6	7
Жиынтығы						

кестенің жалғасы:

Брокердің клиенттерінің шоттарында есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша (дана) бар бағалы қағаздар саны және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны					
Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары (меншік иелері)		Қазақстан Республикасының брокерлері-дилерлері (Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері болып табылмайтын меншік иелері)		Қазақстан Республикасының қаржы нарығының өзге лицензиаттары (меншік иелері)	
бағалы қағаздар (дана)	бағалы қағаздар ұстаушылары	бағалы қағаздар (дана)	бағалы қағаздар ұстаушылары	бағалы қағаздар (дана)	бағалы қағаздар ұстаушылары
8	9	10	11	12	13
...					

кестенің жалғасы:

Брокердің клиенттерінің шоттарында есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша (дана) бар бағалы қағаздар саны және бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны							
Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің өзге заңды тұлғалары		Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің өзге заңды тұлғалары		Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің өзге заңды тұлғалары		Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің өзге заңды тұлғалары	
бағалы қағаздар (дана)	бағалы қағаздар ұстаушылары	бағалы қағаздар (дана)	бағалы қағаздар ұстаушылары	бағалы қағаздар (дана)	бағалы қағаздар ұстаушылары	бағалы қағаздар (дана)	бағалы қағаздар ұстаушылары
14	15	16	17	18	19	20	21
...							

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы _____
 Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы _____
 Орындаушы

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы _____



Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Номиналды ұстаудағы
бағалы қағаздар туралы
есеп нысанына
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме**

Номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.
2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленген.
3. Нысанды брокер және (немесе) дилер тоқсан сайын жасайды.
4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан номиналды ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығы бар брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі аясында толтырылады.
6. 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18 және 20-бағандарда заңды тұлғаның қызметі мен резиденттігіне және (немесе) жеке тұлғаның резиденттігіне байланысты брокер клиенттерінің шоттарындағы бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.
7. 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19 және 21-бағандарда заңды тұлғаның қызметі мен резиденттігіне және (немесе) жеке тұлғаның резиденттігіне байланысты бағалы қағаздарды ұстаушылардың саны көрсетіледі.
8. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
27-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

**Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған,
номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп**

Есепті кезең: 20 __ жылғы «__» _____

Индекс: 25 – RCB_NOM_DER_IN

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынады: брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын



Нысан

(Ұйымның атауы)

Р/с №	Сәйкестендіру нөмірі	Эмитенттің атауы	Шетелдік номиналды ұстаушының атауы	Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздардың номиналды ұстауы бойынша қызмет көрсететін номиналды ұстаушының атауы	Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздардың меншік иесінің атауы	Есепті кезеңнің аяғындағы жағдай бойынша номиналды ұстаушы болып табылатын брокердің клиенттерінің шоттарында бар, шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздардың саны (дана)
1	2	3	4	5	6	7
1						
...						
n						
Жиынтығы	x	x	x	x	x	

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы

Орындаушы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы «__» _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Шет мемлекеттің заңнамасына
сәйкес шығарылған,
номиналды ұстаудағы
бағалы қағаздар туралы
есеп нысанына
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме**

**Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған,
номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды брокер және (немесе) дилер тоқсан сайын жасайды.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе олар есепке қол қоюға уәкілеттік берген адамдар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 4-бағанда Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің 5-бағанда көрсетілген ұйымдарға бағалы қағаздарды номиналды ұстау қызметін көрсететін шетелдік номиналды ұстаушының атауы көрсетіледі.

6. 5-бағанда Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттері бағалы қағаздарды номиналды ұстау бойынша қызметтерді брокерге және (немесе) дилерге (кастодиан банк, бағалы қағаздардың орталық депозитарийі және басқа да есептік ұйымдар) көрсететін ұйымның атауы көрсетіледі.

7. 6-бағанда бағалы қағаздардың түпкілікті меншік иесінің, номиналды ұстаушы болып табылатын брокер және (немесе) дилер клиентінің атауы (тегі, аты (бар болса – әкесінің аты) жеке тұлға үшін, атауы заңды тұлға үшін) көрсетіледі.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



**Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы «30» шілдедегі
№ 162 қаулысына
28-қосымша**

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті табыс ету қағидалары

1. Осы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті табыс ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – Ұйым) есептілікті табыс ету тәртібін айқындайды.
2. Есепті күнгі жағдай бойынша қағаз тасымалдағыштағы есептілікке Ұйымның бірінші басшысы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), Ұйымның бас бухгалтері және орындаушы қол қояды және Ұйымда сақталады.
3. Электронды форматтағы есептілік ұсынылып отырған деректердің конфиденциалдылығы мен түзетілмеуін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғаныс құралдарымен кепілдік берілетін жеткізудің көлік жүйесін пайдалана отырып ұсынылады.
4. Электронды нысанда ұсынылған деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректерге ұқсастығын Ұйымның бірінші басшысы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам) және Ұйымның бас бухгалтері қамтамасыз етеді.
5. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары апта сайын ағымдағы аптаның бейсенбісінен кешіктірмей салыстырып тексергеннен кейін өткен аптаның сейсенбісінен бастап ағымдағы аптаның дүйсенбісін қоса алғандағы кезең аралығына қағаз тасымалдағышта есептілік жасайды.
6. Есептіліктегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгеде көрсетіледі.
7. Есепті қалыптастыру мақсатында шетел валютасындағы активтер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы №15 қаулысында және (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8378 болып тіркелген) «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын анықтау және қолдану тәртібін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы №99 бұйрығында айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеуде көрсетіледі.